9 ТАМЫЗ,
2025 ЖЫЛ,
СЕНБІ
№86 (23 555)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Қысқа қамданыс – қазірден

2-бет

Ұлы ақын және Шаншар елі

4-бет

180 домбыра күмбірлеп...

8-бет

● 10 ТАМЫЗ – АБАЙ КҮНІ

Абай аманаты адастырмайды

Қазақ руханиятының темірқазығына айналған хакім Абай – ұлттың танымын биікке көтеріп, жаңа арнаға бұрған рухани көшбасшы. Әр өлеңі, нақылы ғылым мен білімге, кемелдікке, толық адам болуға бастайтын ұлттық бағдарлама іспетті. Бүгінгі Қазақстан осы аманатпен үндестік тауып, алға басып келеді. Абай күні – ұлттың мәдени коды мен болмысындағы маңызды меже. Абайдың шығармасы – ұлттың ішкі әлеуетін оятуға арналған рухани манифест.

Коллажды жасаған Шынар Адамбекова

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ғылым – Алланың бір сипаты»

10 тамыз – елімізде Абай күні ретінде 2020 жылдан бастап ресми түрде аталып өтіледі. Бұл күн – ұлттық рухты, ойлау жүйесін, мәдени кодты еске алып, өзімізге, қоғамымызға, келешегімізге үңілу күні.

Қазақтың бірегейлігі, ұлт ретінде іргесін бекіту – Абай шығармашылығының өзегі. Ол қуатты қаламы, озық ойы арқылы ұлттық сана мен мәдениет үшін күресті.

Абайдың «Толық адам» концепциясы – рухани, кәсіби, моральдық кемелдікке шақыру. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында бұл туралы айрықша атап өткен болатын.

«Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал, ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет. Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі, XXI ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз» деген еді.

➤ 4-бет

● РЕСМИ

Онлайн қызмет жеңілдеді

2025 жыл басталғалы әлеуметтік қызметтер порталы арқылы мүмкіндігі шектеулі азаматтардан 359,1 мың тапсырыс түскен. Бұл – оңалтудың техникалық құралдарын, ым тілі маманының, жеке көмекшінің қызметтерін, сондай-ақ, санаторий-курорттық емдеуді қамтиды. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәлімдеді.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Портал мүгедектігі бар адамдарға оңалту құралдары мен қызметтерін ұсынатын өндірушіні немесе жеткізушіні өздігінен таңдауға мүмкіндік береді. Қызметті алу үшін электрондық цифрлық қолтаңба арқылы (ЭЦҚ) онлайн тапсырыс беру жеткілікті. Тапсырысты жеткізу қызметімен алуға немесе өз бетімен алып кетуге болады.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтар, яғни, протезді-ортопедиялық, сурдотехникалық, тифлотехникалық және гигиеналық жабдықтар, қолбарбалар (кресло-арбалар) секілді оңалту құралдарын тапсырыспен ала алады.

Порталдың жұмысына қатысты кеңес алу үшін 1414 нөмірі бойынша бірыңғай байланыс орталығына хабарласу қажет.

● ЕРТЕҢ – ҚҰРЫЛЫСШЫ КҮНІ

Ілгерілеу іргетастан басталады

Былтыр Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев құрылыс сапасына бақылауды күшейту қажет екенін атап көрсеткен болатын. «Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ең басты міндет. Құрылыс сапасына жасалатын бақылауды міндетті түрде күшейту керек. Бұл – анық дүние», – деген Мемлекет басшысы сараптама жүргізу ісін мемлекеттің иелігіне қайтару мәселесі күн тәртібінде тұрғанын да айтқан еді. Сонымен қатар, Үкіметтен нарықтағы шынайы бәсекені сақтай отырып, барлық тараптың мүддесін ескеруді талап етті.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Баспанаға бастар жол

Тамыздың екінші жексенбісінде еліміз құрылысшылар қауымының кәсіби мерекесін атап өтеді. Осы айтулы күн қарсаңында Мемлекет басшысының жоғарыдағы сөздері құрылыс саласының стратегиялық мәні мен жауапкершілігі зор миссиясын тағы бір мәрте айқындай түскендей. Сол себепті де, біз де ел экономикасының іргетасы саналатын санқырлы саланың бүгінгі даму қарқынына үңіліп, оның жетістіктері мен өзекті мәселелеріне зер салуды жөн көрдік.

Ә деген бетте тұрғын үй құрылысына жеке инвестиция тарту – құрылыс саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыты екенін ескергеніміз ләзім болар. Мемлекет тарабы да тұрғын үй заңнамасында белгіленген санаттарға жататын азаматтардың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыру мақсатында кешенді шаралар қабылдауда. Осы ретте жеке капиталдың құрылыс секторына белсенді араласуы, нарықтық тетіктер мен мемлекеттік қолдаудың үйлесімділігі құрылыс индустриясының тұрақты дамуын қамтамасыз етпек. Дәйектеп көрелік.

Облыс аумағында тұрғын үй құрылысы қарқынды даму жолында. Былтырғы жылы 540 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Қолданысқа берілген тұрғын үй көлемінің 6%-ын мемлекеттік тұрғын үй қоры құрады. Ал, биылға арналған жоспарға сәйкес, өңірде жалпы ауданы 548,0 мың шаршы метр немесе шамамен 5 172 пәтерді құрайтын тұрғын үй пайдалануға беріледі деп күтілуде. Аталған көлемнің 83%-ы жеке инвестициялар есебінен жүзеге асырылады. Бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша 236,1 мың шаршы метр тұрғын үй немесе 2 154 пәтер өз иесін тапқан. Мемлекеттік қолдау мен жеке инвестициялардың үйлесімі тұрғын үй нарығын дамытудың тиімді құралына айналып отыр.

Кезек күттірмейтін мәселе

Баспана демекші, кезегін күтіп жүрген азаматтардың тұрғын үйге қолжетімділігін жедел қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдар үшін бірқатар заңнамалық тетіктер көзделген. Атап айтқанда, мемлекеттік бағалы қағаздар арқылы алынған қаражат есебінен дайын бастапқы тұрғын үйді, сондай-ақ, «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының кепілдігімен қамтамасыз етілген үлестік құрылыс нысандарындағы пәтерлерді сатып алу құқығы заң жүзінде бекітілген. Жылдық жоспарға сәйкес, әлеуметтік жағынан осал санаттағы кезекте тұрған азаматтар үшін 8,3 млрд теңге қаражат қарастырылып отыр. Қомақты сома жалға берілетін 528 пәтерді сатып алуға сарп етіледі. Сонымен қатар, кезекте тұрған азаматтарға арналған 567 несиелік пәтерді сатып алу үшін қосымша 4,9 млрд теңге бөлінеді. Қолдаудың атаулы шаралары халықтың әлжуаз топтарын баспанамен қамтамасыз етуде аса маңызды. Мемлекеттік және жеке сектор арасындағы ынтымақтастық, сондай-ақ, қаржыландыру көздерінің әртараптандырылуы тұрғын үй нарығындағы әлеуметтік теңгерімді қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Осылайша, үйге мұқтаж азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында жалпы 1 103 пәтер сатып алу жоспарлануда. Оның ішінде, 787 пәтер – жалға берілетін тұрғын үй, ал, 567 пәтер – кредиттік тұрғын үй ретінде ұсынылады.

➤ 3-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●EUR/KZT 629.46 ●USD/KZT 539.38 ●RUB/KZT 6.76 ●CNY/KZT 75.14

Қазақстан Ұлттық Банкінің
8 тамыз, 2025 жылғы дерегі бойынша

Қысқа қамданыс – қазірден

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Аймақтың алдағы жылыту маусымына дайындығы жүйелі жүргізілуде. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен кеңесте әлеуметтік нысандарды жылумен қамту мәселесі және инфрақұрылым объектілерінің дайындығы жан-жақты талқыланды. Жиынға Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра және Шет аудандарының әкімдері, сондай-ақ, жауапты басқармалар мен коммуналдық қызмет басшылары қатысты.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұқар жырау ауданы әкімдігінің мәліметінше, орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған тұрғын үй қорының дайындығы 60 пайызды құрайды. Оқу жылы басталғанға дейін білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет мекемелерін көмірмен толық қамтамасыз ету жоспарланған. Қазіргі таңда аудан аумағындағы қазандықтар мен жылу желілерінде жоспарлы жөндеу жұмыстары жалғасып жатыр.

– Қушоқы кентінде №4 орталық қазандықты, көмір жеткізу және күл шығару конвейерлерін жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар кварталдық жылу желілері жаңартылып жатыр. Жеті модульдік қазандықта жабдықтар жаңартылып, қуаттылық арттырылуда. Бұдан бөлек, білім беру нысандарына арнап, төрт жаңа блок-модульді қазандық салынбақ, – деді аудан әкімі Ерлан Құсайын.

Қарқаралы ауданындағы жылу магистралінің 90 пайызы жаңартылды. №1 қазандыққа қосымша қуаты 1,2 МВт болатын қазан агрегаты орнатылды. Барлық қазандықтарда жөндеу жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар су және кәріз жүйелері кезең-кезеңімен жаңартылып жатыр. Бүркітті ауылындағы Мәдениет үйіне күрделі жөндеу жүргізілгенде жылыту жүйесі де қайта жаңғыртылады.

Қазіргі уақытта аудан халқы мен әлеуметтік сала нысандарына көмір қоры жинақталып жатыр.

Шет ауданында 28 КТП, трасформаторлар, сымдар, ажыратқыштар және басқа да қажетті жабдықтар сатып алынды.

– Энергетика басқармасының мониторингіне сәйкес, аудан аумағындағы жылу және сумен жабдықтау нысандарының дайындығы 60 пайыздан асты. Электр желілері мен қосалқы стансалардың дайындығы – 70 пайыз. Әлеуметтік-мәдени нысандарға келсек, спорт мекемелері қысқы маусымға толық дайын, ал, қалғанының қыс маусымына әзірлігі шамамен 70 пайыз деңгейінде, – деп атап өтті Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаров.

Нұра ауданындағы әлеуметтік нысандар үшін көмір қорының негізгі бөлігі дайын. Шұбаркөл кентінде орналасқан орталық қазандық жұмысы 100 пайыз аяқталған. Сонымен қатар Кертінді және Мыңбаев ауылдарындағы Мәдениет үйлеріне жаңа блок-модульді қазандықтар орнатылған. Білім беру мекемелеріндегі жылу жүйелерін жөндеу жұмыстары жалғасуда. Су құбырларын жөндеу аяқталуға жақын, кәріз желілерін қайта жаңғырту жүргізіліп жатыр.

Өңір басшысы жауапты тұлғаларға дайындық жұмыстарын белгіленген мерзімге дейін толық аяқтауды және дайындық барысын жіті бақылауды тапсырды.

– Барлық нысандар 15-ші қыркүйекке дейін толық дайын болуы тиіс. Әр кезеңдегі жұмыс барысы тұрақты бақылауда болуы қажет. Әсіресе, кестеден кешігу қаупі бар учаскелерге ерекше назар аударылсын, – деді облыс әкімі.

Сонымен қатар аудан әкімдеріне жөндеу жұмыстарының қарқынын төмендетпеу және бекітілген кестенің орындалуын қатаң бақылауда ұстау жүктелді.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Жігерліге жол ашық

АУЫЛ АМАНАТЫ

Бұқар жырау ауданына қарасты Белағаш ауылында алғаш рет шина жөндеу шеберханасы ашылып, ауыл тұрғындары үшін бұрын-соңды болмаған қызмет түрі қолжетімді болды. Бұл істі қолға алған – 47 жастағы Ерболат Молдабеков. Бұрын ветеринар болып жұмыс істеген ол көптен бері көкейінде жүрген кәсібін «Ауыл аманаты» бағдарламасының қолдауымен жүзеге асырды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ауыл аманаты» – ауылдық жерлерде халықты жұмыспен қамтып, табысын арттыруға және шағын бизнесті дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарлама. Ерболат осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, жаңа салада кәсібін бастады.

– Жас кезімде қаладағы шиномонтажда жұмыс істеп, аз-маз тәжірибе жинадым. Өз кәсібімді ашқым келетін, бірақ қаражат жағынан мүмкіндік болмады. Бағдарлама жайлы білгеннен кейін, құжаттарды дайындап, өтінім бердім. Барлық рәсімдер тез әрі оңай өтті. Ауыл әкімдігі мен мамандардың көмегі көп тиді. Құжат жинаудан бастап, қалай рәсімдеу керегін түсіндіріп отырды. Ең бастысы – жоспарың айқын, ниетің дұрыс болу керек, – дейді кәсіпкер.

Ерболат Молдабеков 2,8 миллион теңге көлемінде жеңілдетілген несие алып, қажет құрал-жабдықтарды сатып алды. Несие 5 жыл мерзімге, жылдық 2,5% мөлшерлемемен берілген. Төлем тоқсан сайын жүргізіледі.

Бұл қаражатқа шеберхана үшін көтергіш, компрессор, домкрат, дөңгелек бөлшектеу және балансировка станоктары, қосалқы бөлшектер сатып алынған.

Қазір ол өз ауласындағы гаражын шеберханаға айналдырған.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Мұнда шиналарды маусымдық ауыстыру, май құю, жүріс бөлігіне техникалық қызмет көрсету, дөңгелектерді шешіп-қондыру және балансировка жасау сынды қызметтердің толық кешені көрсетіледі.

Болашақта кәсіпкер кәсібін кеңейтуді көздейді. Алдымен несиесін мерзімінен бұрын өтеп, жаңа несиеге жеке шеберхана салу жоспарында бар. Дәнекерлеу және сырлау құралдарын алып, қозғалтқыш пен беріліс қораптарын жөндеу, сырлау жұмыстарын да қолға алмақ.

Бүгінде Ерболат шеберханада жалғыз жұмыс істейді, алайда, екі ұлы әрдайым көмекке келеді. Олардың біреуі 8-де, енді біреуі 10 жаста. Олар әкесінің жанында жүріп, алғашқы еңбек дағдыларын бойына сіңіріп келеді.

Белағаш ауылы аудан орталығынан 50 шақырым қашықта орналасқан. Ерболат ашқан шеберхана – тек ауылдағы емес, бүкіл округтегі алғашқы шиномонтаж. Кәсіпкердің айтуынша, ауыл тұрғындары үшін бұл өте қолайлы. Бүгінде оның қызметіне көрші ауылдардың тұрғындарынан да сұраныс артып келеді.

– Бұрын қарапайым қызметтің өзін аудан орталығынан іздеуге мәжбүр болатынбыз. Қазір жұрт осы жерден-ақ көлігін жөндеп, дөңгелегін ауыстырып кетіп жатыр. Әсіресе, көктем мен күзде жұмыс қызады. Қол қусырып отыруға болмайды, тәжірибеңнің аздығына қарамай, әрекет ете беру керек. Қалғаны – уақыттың еншісінде, – дейді Ерболат Молдабеков.

Белағаш ауылдық округінің әкімі Амангелді Күпеновтің айтуынша, Ерболаттың жобасы – ауылда «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жүзеге асқан үш жобаның бірі.

– Жалпы алғанда, ауыл тұрғындарынан жеті өтінім қабылданды. Оның ішінде екеуі – мал шаруашылығына бағытталған жобалар. Біз белсенді азаматтарды әрдайым қолдауға дайынбыз. Мұндай бастамалар ауылда да табысты кәсіп бастауға болатынын көрсетіп отыр, – дейді әкім.

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Кадр резервінің әлеуеті зор

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы Президенттік жастар кадр резервін жасақтау қажеттігі туралы бастама көтеріп, бұл тапсырманы Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне жүктеді. Содан бері агенттік аталған жобаны табысты жүзеге асырып келеді. Бүгінде резервке 400 адам қабылданып, табысты еңбек етіп жүр. Қазіргі таңда Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу жүріп жатыр. Қарағанды облысы бойынша іріктеудің II кезеңіне 311 адам өтті.

Бұл бастама жастарды мемлекеттік басқару жүйесіне белсенді түрде тартуға, олардың мемлекеттік қызметтегі үлесін арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, мемлекеттік қызмет қол жетпейтін салаға айналмауы тиіс. Ел басқару ісіне озық ойлы, бастамашыл мамандар келуі қажет. Президенттің көздегені – осы.

Осы уақытқа дейін үш рет іріктеу өткізілді. Атап айтқанда, 2019, 2021 және 2023 жылдардағы іріктеулерге 60 мыңнан астам азамат қызығушылық танытты, олардың нәтижелері бойынша резервке 400 адам қабылданды (2019 жылы – 300 адам, 2021 жылы – 50 адам, 2023 жылы – 50 адам).

Резервке алынған 400 адамның 318-і мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда жұмыс істеуде, яғни жалпы санының 80%-ы жұмысқа орналасты.

Биыл 1 маусымнан бастап Президенттік жастар кадр резервіне кезекті төртінші іріктеу өткізілуде. Бұл 25 қазанға дейін жалғасады.

Кандидаттарға қойылатын жалпы талаптар өзгерген жоқ. Яғни, кандидаттардың жасы 35-тен аспауы, жоғары білімінің, бес жылдан кем емес еңбек өтілінің болуы және қазақ тілін меңгеруі B1 деңгейінен төмен болмауы керек.

Іріктеу Президент Жарлығымен бекітілген ережелерге сәйкес 6 кезеңнен тұрады:

I кезең – құжаттарды қабылдау және кандидаттарды тексеру, II кезең – мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау, III кезең – ситуациялық тапсырмаларды шешу, IV кезең – құзыреттерді бағалау және құзыреттер бойынша сұхбат, V кезең – сарапшылық комиссияда әңгімелесу, VI кезең – ұлттық комиссия отырысы.

Қазіргі таңда Қарағанды облысы бойынша Президенттік жастар кадр резервіне іріктеудің I кезеңіне 862 азамат құжат тапсырып, оның 311-і іріктеудің II кезеңіне өтті.

Сонымен қатар, Резервке кандидаттар іріктелетін алты салалық бағыт бойынша («Әлеуметтік саясат, азаматтық қоғам», «Инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты», «Экономикалық және қаржылық саясат», «Цифрландыру», «Агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау», «Сыртқы саясат және инвестициялар») қарастырылатын болады.

Сурет ашық деректерден

Биылғы төртінші іріктеудің ерекшелігі де осы – әр бағыт бойынша кандидаттардың біркелкі санын қамтамасыз ету мақсатында әрбір кезеңде пропорционалды іріктеу өткізілмек. Яғни резервтің салалық бағыттары бойынша квоталар қарастырылып, іріктеу жүргізіледі.

Іріктеуге Президент тағайындаған адамдар, саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері жіберілмейді.

Президенттік жастар кадр резервін жас мамандардың өздерін жан-жақты көрсетуіне, білімі мен әлеуетін пайдаланып, мемлекеттік қызмет пен квазимемлекеттік секторда жауапты лауазымдарға көтерілуіне жол ашатын әлеуметтік лифт деуге болады. Жоба – заманауи әрі болашағы зор, еліміздің кадр саясатына серпін беретін ауқымды бастама.

Сондықтан, еліміздің дамуына үлес қоса алатын білімді, білікті, белсенді жастарға мемлекеттік қызметтің есігі әрдайым ашық.

Ж.СӘРСЕН,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп кеңесінің төрағасы

• ТАЛАПКЕР – 2025

Грант иегерлері анықталды

2025-2026 оқу жылына арналған жоғары оқу орындарына білім беру гранттарының нәтижелері белгілі болды. Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, биыл бакалавриат бойынша жалпы 77 мыңнан астам мемлекеттік грант бөлінді.

Жамал АҚПАРОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»

Гранттардың басым бөлігі техникалық мамандықтарға бағытталған. Бұл көрсеткіштер елде техникалық бағыттағы кадрларға деген сұраныстың артқанын айғақтайды. Министрлік мәліметіне сәйкес гранттардың 60%-ы техникалық, 20%-ы педагогикалық, ал, қалған 20%-ы өзге салаларға бөлінген. Сонымен қатар, «Білім туралы» Заңына сәйкес, квоталық категориялар да ескерілді. Атап айтқанда, жетім балалар және мүгедектігі бар балалар, көпбалалы және толық емес отбасынан шыққан балалар, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан талапкерлер квота арқылы грант алу мүмкіндігіне ие болды.

Мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға мүмкіндік беретін негізгі ҰБТ 16 мамыр мен 10 шілде аралығында өтті. Осы уақыт аралығында талапкерлер ҰБТ-ны екі рет тапсырып, ең жоғары нәтижесімен грант конкурсына қатысты.

381 мыңнан астам тестілеу тапсырылып, жалпы 399 мың өтініш тіркелді. Оның ішінде, 76%-ы шекті балды жинады. Бұл – талапкерлердің басым бөлігінің жоғары білім алуға ынтасы мен дайындығының жақсы деңгейде екенін көрсетті. Биылғы ҰБТ-да екі талапкер ең жоғары – 140 балл жинап, ел назарын аударды. Түркістан облысының түлегі Жәнібек Әбілхан ең алғашқы 140 балл жинаған талапкер атанса, екінші үздік нәтиже – Алматы қаласындағы 125 High School түлегі Айша Сатыбалдыға тиесілі. Ол жоғары нәтижесі үшін өзі оқыған мектеп тарапынан пәтермен марапатталды.

«Серпін» бағдарламасына сұраныс жоғары болды. Халық тығыз қоныстанған өңірлердің жастары үшін бөлінген 2000-нан астам грант аясында олар елдің солтүстік, орталық және шығыс өңірлеріндегі жоғары оқу орындарында білім алатын болады. Сонымен қатар, «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында биыл 77 мыңнан астам грант бөлініп, бұл бастама шетелдік жетекші университеттермен бірлескен 20-ға жуық ЖОО-ның ашылуымен жалғасын тапты. Биыл гранттарға 113 мыңға жуық өтініш түсті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 9 мыңға көп. Халықаралық олимпиада мен спорт жарыстарының жеңімпаздарына конкурссыз гранттар қарастырылған.

Биыл сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасымен 5 жастағы балаға есепшот ашу кезінде бастапқы білім беру капиталы төленетін жүйе іске қосылды. Бұл жүйе мемлекеттік сыйақы, банктер мен сақтандыру компанияларының қосымша сыйақысымен толықтырылады. Сондай-ақ, жинақтар «Ұлттық қор – балаларға» жобасымен біріктіріледі. Алғаш рет 2024 жылы енгізілген бұл грант түрі оқу шығындарының бір бөлігін ғана жабады, қалған соманы талапкер өз есебінен немесе жеңілдетілген оқу несиесі арқылы төлейді. Биыл бұл бағыт бойынша 300 грант бөлініп, конкурс қыркүйек айында өтпек. Мерзімді әскери қызметін өтеп жатқан азаматтарға 2010 грант бөлінді. Бұл – оларды әлеуметтік бейімдеуге және жоғары білімге қолжетімділікке бағытталған бастама.

Құжаттарды жоғары оқу орындарына тапсыру мерзімі – 25 тамызға дейін.

● САЛТАНАТ

Жасампаз жандарға құрмет

Құрылысшылар күні қарсаңында Теміртау қаласындағы Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығында осынау жасампаз кәсіп иелеріне құрмет көрсетіліп, марапаттар тапсырылды.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мерекелік салтанатты құттықтау сөзбен ашқан Теміртау қаласының әкімі Ғалым Әшімов:

– Біздің құрышшылар мекенінде қаншама тұрғын үйлер мен мәдени-тұрмыстық, өндірістік нысандардың бой көтеріп, қаланың инфрақұрымы жақсарып, күннен-күнге құлпыра түсуінде сіздердің айшықты қолтаңбаларыңыз бар. Әр нысанның іргетасын қалағаннан бастап, оның шатырын жапқанша жұмсайтын күш-жігерлеріңіз мол, – деп, теміртаулық құрылысшылардың үлкен тобының еңбегін Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттармен, төсбелгілермен атап өтті.

Бұл күні ілтипатқа ие болып, қошеметке бөленгендердің арасында «Теміртау Казмеханомонтаж», «Qarmet Servise», «Центрпромстрой», «Земдорстрой», «Темирстрой», «Имсталькон-Темиртау» ЖШС, тағы да бірқатар құрылыс ұйымдарының өкілдері мен Теміртау қалалық құрылыс бөлімінің қызметкерлері бар. Мәселен, Николай Криворучко бірінші дәрежелі «Еңбек даңқы» Құрмет белгісін, ал Елена Орлова мен Алексей Кен, Роза Аймолдинова оның екінші дәрежесін алды. Теміртау қаласы әкімінің Құрмет грамотасы Сергей Кушнаренко, Константин Московский, Владимир Жуков, Михаил Бойко, Игорь Габьев, Азамат Досмағамбетов, Әсет Баймаханов, Виталий Мишаринге беріліп, Алғыс хаттарға Иван Свиридов, Висхан Заурбеков, Максим Хохлов, Марғұлан Жуанышбеков, Мәжит Жүнісов, Игорь Валько, Асқар Ахметов, Саварбек Ғаздиев, Иван Рылкин, Марина Тимофеева, Диана Баинбаева, Нұркен Әбілдинов, Әлия Турина, Ақжол Бурханов, Марина Синицына, Светлана Саттарова мен Екатерина Смирнова ие болды.

Салтанат үстінде осы 5 тамызда қаланың оң жағалауында болған алапат өртті сөндіру кезінде жанқиярлық ерлік көрсетіп, кісі өліміне жол бермеген шымкенттік «Карат-Z» ЖШС Асылхан Балаби, Құдайберген Түркүсбаев, Нұрсейіт Дүтбаев, Жұмағали Жүнісов, Мұқағали Пернебай, Сапарғали Әбдікәрімов, ағайынды Сүндет, Нұрбол, Ербол Дүйсебаевтар, Ерғазы Нақыпбаев, Досымжан Үсенбаев сияқты 11 қызметкеріне де Алғыс хаттар табыс етілді.

Бұдан кейін сөз алған «Qarmet» АҚ бас директоры Вадим Басин мен Теміртау қалалық кәсіподақтары ұйымының төрағасы Наталия Попова құрылысшылар қауымын кәсіби мерекелерімен құттықтап, бірқатар сала қызметкеріне Құрмет грамоталарын табыс етті.

Теміртауда өткен Құрылысшылар мерекесінде жергілікті «Гюзель» би және «Береги́ня» халық ән ансамбльдері, әншілер Мағауия Қуатбаев, Қарлығаш Исаева, Ардабек Октябрь және басқа да өнерпаздар ән айтып, би билеп, салтанатты кештің шымылдығын жапты.

ТЕМІРТАУ

Сурет ұйымдастырушылардан

● БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Қарағандының қарышты қадамы – құрылысшының қолында!»

Ол – әр істі соңына дейін жеткізуді өмірлік ұстанымына айналдырған жан. «Қай істі қолға алсам да, оны кемеліне жеткізбей тынбаймын» деген сөзі – құрылысшы, «Аспап» құрылыс компаниясының басшысы Төлеген Әшімовтің бүкіл еңбек жолының айнасы іспеттес. Құрылыс саласындағы ең алғашқы еңбек күндеріндегі әсер, қиын сәттерде рухын көтерген құндылықтар мен бүгінде жастарға айтар кеңесі – барлығы да сұхбат барысында шынайы әрі терең әңгімеленеді. Қымбатты оқырман, құрылысшы қауымының кәсіби мерекесі қарсаңында осы бір сырлы сұхбатты оқи отырып, сіз де табандылықтың, адал еңбектің және ішкі тәртіптің қандай биікке жеткізетінін тереңірек біле түсесіз деген игі ниеттеміз. Оқыңыз, ой түйіңіз, шабыт алыңыз! Мархаббат!

– Қадірменді Төлеген Мұқатайұлы, алғашқы еңбек күндеріңізді есіңізге алғанда, сізге ең көп күш пен сенім берген не нәрсе еді? Қиын сәттерде алға жетелеген басты құндылықтарыңыз қандай болды?

– Сауалыңызға рақмет! Мен қарапайым, бірақ еңбекті арманға айналдыра білген отбасында дүниеге келдім. Еңбек жолым 1975 жылы басталды. Тағдырымның ең қызықты парақтарының бірі – екінші санатты бетоншыдан бастап, ірі құрылыс компаниясының басшылық деңгейіне дейін сатылап көтерілуім деп білемін. Бұл – тек кәсіби өсудің ғана емес, адами кемелденудің де жолы болды. Әрбір саналы жан өз-өзіне бір сәт есеп беріп, істеген ісіне сын көзбен қарауы керек деп есептеймін. Сол әдет менің өмірлік серігіме айналды. Қай істі қолға алсам да, оны толықтай кемеліне жеткізу – мен үшін тек ұстаным емес, ішкі жауапкершілік. Осы қағиданы берік ұстана отырып, талай асуларды бағындыруға мейлінше мүмкіндік алдым.

– Еңбек жолыңызда жүздеген нысан салып, мыңдаған адамның игілігіне қызмет етіпсіз...

– Тоқсаныншы жылдары Қазақстан егемендігін алған шақта, өзімнің құрылыс саласындағы әріптестеріммен бірге «Аспап» атты құрылыс кооперативін ұйымдастырдық. Қарап отырсаңыз, 34 жыл бойы осы ұйымды табысты басқарып келемін. Сан алуан нысан салдық. Сегіз мектеп тұрғыздық. Қырдағы жұртқа он бес шақты денсаулық мекемесінің бойын түзедік. Мен тек есімдегіні ғана есепке алып отырмын. Әйтпесе, салынған дүние көп. Арыстағы жағдай есіңізде болар. Сонда алпыс үй салып бердік. Бажайлап отырсақ, тұтас республиканы құрылыспен қамтып үлгергендейміз. Сонымен, биыл құрылыс саласында еселі еңбек етке́німе елу жыл толады. Тәубе! Бүгінде құрылысшылар қоғамының төрағасымын. Әлі күнге дейін табысты жобаларға жетекшілік етіп келеміз. Халық қалаулысы ретінде де осы салаға баса мән береміз.

– Қаланың болашағына қатысты сөз еткенімізде сіздің осындай ауқымды көзқарасыңызды қажет ететіндей. Жоталы жобалар жүзеге асқан кезде, қаламыз қандай сипатқа ие болады деп елестетесіз? Қарағандының келешегін сіз қандай рухта, қандай кейіпте көресіз?

– Қазіргі уақытта қаланың бас жоспарын жан-жақты саралап, терең талқылап жатырмыз. Алдымызда тұрған маңызды межелердің бірі – «Көгілдір тоғандар» арқылы Оңтүстік-Шығыс пен Майқұдықты біртұтас аумақ ретінде байланыстыру. Қарап отырсақ, қарапайым инфрақұрылым емес, тұтас қаланың болашағына бағытталған стратегиялық қадам бұл. Аталған аймақта стадионнан бастап, күн электр стансасына дейінгі ауқымды, заманауи нысандар бой көтереді деп жоспарланып отыр. Қала өсіп, жаңару керек. Уақыт талабы – осы. Жыл сайын кемінде 500 мың шаршы метр тұрғын үй салынбаса, халықтың сұранысын өтеу мүмкін емес. Есептеп көріңіз: әр азаматқа кем дегенде 20 шаршы метр жайлы кеңістік қажет. Осыны негізге алсақ, алдағы жиырма жылда қазіргі бос жатқан аумақтар түгел игеріліп, жаңа қалалық келбет қалыптасуы тиіс. Жұмыс ауқымды. Оған тек құрылыс емес, халықпен үздіксіз байланыс, түсіндіру, сендіру, ортақ көзқарас қалыптастыру жұмыстары да кіреді. Біз бұл үдеріске тек жоспар құрушы ретінде емес, қаланың болашағына жанашыр азамат ретінде қарап отырмыз.

– Құрылыс нарығында салықтық ауыртпалық пен әлеуметтік жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтау керек деп ойлайсыз? Мемлекет, инвестор және халық арасындағы өзара тиімді тетік қалай қалыптасуы қажет?

– Кеңшілікті айттық, енді кемшілікті де ашық айтуымыз керек. Бұрындары салынып жатқан тұрғын үйлерге қатысты салық кодексі қосымша құн салығын (ҚҚС) есептемейтін. Қазір ол да қосылатын болды. Бұл дегеніміз – сатылатын пәтер бағасының бір сәтте 16%-ға дейін шарықтауы. Мұндай өзгерістің түпкі салдарында қарапайым халықтың баспана алу мүмкіндігі күрт төмендеп, қолжетімділік қиындайды. Үйдің бағасы өскен сайын халықтың сатып алу қабілеті төмендейді. Ал, сұраныс азайса, құрылыс қарқыны бәсеңдейді. Мұны ашық айтуымыз керек. Өйткені, тұрғын үй салу жай ғана бизнес емес, әлеуметтік жауапкершілігі зор сала. Сондықтан, салықтық өзгерістер заңды қатайту ғана емес, инвестор үшін де тартымды әрі қолайлы болуға тиіс. Теңгерімді сақтау – басты міндет. Осы тұста тағы бір өзекті жайт, кейбір тұрғындардың жекелеген арыз-шағымдары. Өкінішке қарай, мұндай шағымдар жиі жағдайда құрылыстың ілгерілеуіне кедергі келтіріп, ортақ іске бөгет болып жатады. Тіпті, басталып қойған жобалар тоқтап қалатын мысалдар бар. Анығында, қай мәселеге болсын, парасат биігінен қарауымыз қажет. Қала өссін десек, ел өркендесін десек, әр тарап ортақ жауапкершілікті сезіне білуі шарт. Жүйелі көзқарас пен теңгерімді шешім ғана нәтижеге жеткізеді.

– Құрылысшылар қауымына айтар тілегіңіз бар болар...

– Кәсіби мерекеміз – құрылысшылар күні таяп қалды. Осы орайда сала ардагерлері мен барша әріптестерімді шын жүректен құттықтаймын! Еңбектеріңіз жана берсін, жаңалықтарыңыз мол болсын, әрбір кірпіштен – береке, әр нысаннан – нұр жаусын! Бұрындары өзбек, тәжік ағайындардың там салу өнеріне таңдай қағатын едік. Ал, бүгінде сол деңгейге біздің қаракөз қазақ жастары да нық қадам басып келеді. Құрылыс алаңдарында кәсіби бетоншылар, шебер тас қалаушылар көбейіп, отандық мамандардың жаңа буыны қалыптасып жатқаны көңіл қуантады. Түрлі бригадалар, кәсіби командалар құрылып, сапа мен жауапкершілікті ту етіп келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялағаны дәл осы еңбек адамдарына, соның ішінде, құрылысшыларға көрсетілген үлкен құрмет деп білемін. Еңбек десе, маңдай тер, табандылық, төзім мен тиянақтылық ойға оралады. Ал, құрылысшы – соның нағыз символы. Барша әріптестерге мереке құтты болсын дей отырып, жаңа биіктерге бірге жетейік деп тілеймін! Қарағандының қарышты қадамы – құрылысшының қолында!

– Тұшымды әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен
Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ілгерілеу іргетастан басталады

(Соңы. Басы 1-бетте)

Республикалық бюджет есебінен бастапқы нарықтан 259 жалға берілетін пәтер сатып алуға 3,6 млрд теңге көлемінде қаражат бөлінді. Кешенді шаралар тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға, әсіресе, әлеуметтік осал топтарға нақты көмек көрсетпек. Мәселен, Шахтинск қаласы мен Абай ауданында екі несиелік тұрғын үй құрылысы аяқталып, 140 пәтер пайдалануға беріледі деп күтілуде. Кредиттік тұрғын үйлер «Отбасы банкі» арқылы, салымшылар бастапқы жарнаның қажетті көлемін (бағдарлама шарттарына сай 10-20%) жинаған жағдайда, жеңілдетілген шарттармен беріледі.

Қазіргі уақытта өңірдің бірнеше аудандарында құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Қарағанды, Балқаш қалаларында және Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Нұра, Осакаров, Шет аудандарында жеке құрылыс салушылар жергілікті атқарушы органдарға сату үшін тұрғын үйлер салып жатыр. Сонымен қатар, Теміртау, Саран және Приозерск қалаларында ескі тұрғын үйлерді қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Осы баянды бастамалар өңірде тұрғын үй саясатының жүйелі түрде жүзеге асып жатқанын және әртүрлі санаттағы азаматтардың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыру бағытында нақты қадамдар жасалып жатқанын көрсетеді.

Нысандардың дайын болуына байланысты жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік тұрғын үй қорын толықтыру мақсатында белсенді түрде конкурстық рәсімдер өткізуде. Бүгінде аталған бағытта елеулі нәтижелерге қол жеткізілді: жергілікті атқарушы органдар кезекте тұрған азаматтар үшін барлығы 81 пәтер сатып алды. Атап айтқанда, Қарағанды қаласында – 15 пәтер, Абай ауданында – 40 пәтер, Бұқар жырау ауданында – 12 пәтер, ал, Шет ауданында – 14 пәтер иеленіп, тұрғындарға табысталуға дайын.

Оқушыға – орын, ұстазға – мүмкіндік

Білім беру инфрақұрылымын дамыту да назардан тыс қалмады. Биыл өңірде 12 жаңа мектептің құрылысы жүргізілуде, оның алтауы облыстық бюджет қаражаты есебінен, ал, қалған алтауы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынуда. Облыстық білім басқармасы өкілдерінің мәліметінше, қазіргі таңда алты білім беру нысанының құрылысы жүргізіліп жатыр. Олардың қатарында Қарқаралы ауданы Талды ауылындағы мектеп бар. Нысан құрылысы қыркүйек айының соңына дейін аяқталады деп жоспарланған. Сонымен қатар, Қарағанды қаласындағы «Үлкен Михайлов» деп аталатын

Коллажды жасаған Айбек Рахымжан

станса да 300 орындық мектептің құрылысы басталған. Жоба 2026 жылы аяқталмақ. Облыс орталығындағы №50 орта мектепке қосымша корпус салынуда. Ал, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста тағы алты мектептің құрылысы жүріп жатыр. Тапсырыс берушісі – «Samruk-Kazyna Construction» акционерлік қоғамы. Аталған мектептердің қатарында Шет ауданының Ақсу-Аюлы және Сәкен Сейфуллин кенттерінде салынып жатқан 300 орындық екі мектеп бар. Сонымен бірге, Бұқар жырау ауданының Үштөбе ауылында, Ғ.Мұстафин кентінде және Доскей ауылында да әрқайсысы 300 орындық мектептердің құрылысы жүргізілуде. Бұған қоса, Қарағанды қаласының «Жаңа аудан» шағын ауданында 1200 оқушыға арналған заманауи мектеп салынуда. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ қоғаммен байланыс қызметі өкілдерінің ұсынған ақпаратына сәйкес, осы алты мектептің барлығы 2025 жылы толықтай пайдалануға беріледі. Жалпы, мұндай жобалар облыстағы оқушы орындарының тапшылығын азайтуға, сапалы білім беру инфрақұрылымын қалыптастыруға және балаларға қолайлы оқу жағдайларын жасауға сеп.

Ақордадан ауылға дейін

Ауыл тұрғындарының денсаулығын жақсарту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2023 жылдан бастап, ауылдық жерлерде алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту бағдарламасы іске асырылып жатыр. Жоба шеңберінде өңірде барлығы 92 жаңа денсаулық сақтау нысанын салу жоспарланған. Олардың қатарында 11 дәрігерлік амбулатория, 34 фельдшерлік-акушерлік пункт және 47 медициналық пункт бар. 2023 жылы 14 нысанда құрылыс-монтаж жұмыстары толық аяқталып, пайдалануға берілді. Ал, былтыр тағы 12 нысанның құрылысы сәтті аяқталды. Қалған медициналық мекемелерді қыркүйек айының соңына дейін аяқтап, іске қосу көзделіп отыр. Бұдан бөлек, өңірдегі ірі қалаларда да денсаулық сақтау инфрақұрылымы дамып келеді. Жыл соңына дейін Балқаш қаласындағы ангиографиялық операциялық орталықтың бас корпусына жапсаржайды, сондай-ақ, Қарағанды қаласындағы облыстық онкологиялық диспансердің операциялық-реанимациялық блогына жапсаржайды пайдалануға беру жоспарлануда. Баянды бастамалар ауыл тұрғындарының медициналық көмекке қолжетімділігін арттырып, өңірдегі денсаулық сақтау сапасын жаңа деңгейге көтермек.

Міне, көріп отырғанымыздай, ел іргесін нығайтатын істер кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Құрылыс саласындағы қарқын тұрғын үйден бастап, мектеп пен емханаға дейінгі өмірлік маңызды нысандар арқылы айқын көрініс табуда. Мемлекеттік қолдау мен жеке бастаманың ұштасуы, жүйелі жоспар мен нақты қадамдар – бүгінгі жетістік жұрнағы.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Ұлы ақын және Шаншар елі

Әлбетте, қазақтың мандайына біткен ұлы ақыны Абай даңқын асқақтатқан – Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы оның өмір жолын толық баяндайтынын жақсы білесіздер. Мұхаң сол шығармасының бірнеше нұсқасын жазып, ақыры коммунистік цензурадан өтетін ең соңғы үлгісін жариялады. Онда Құнанбайдың өзін шонжар етіп көрсетіп, Абайдың нағашылары мен қайын жұрты – Шаншар елінің адамдарын да сол тұрғыда бедерлеген. Ал, шындық солай ма еді? Әрине, жоқ.

Сурет ашық дереккөзден

Ежелден төскейде малы, төсекте басы қосылған Қаракесектің бауыр Бошан елі мен Арғын Тобықты жұрты – ауылы аралас, қойы қоралас ел еді. Қыз алысып, қыз берісіп, құдандалы болды. Едірей болысының Мыржық тауының бауырынан бастап, Дегелең, Доғалаң тауларына дейін, шығысында Ақбота болысында Бес Бошанның бірі – Таздан тараған ұрпақтар тұрып жатты. Қазақ ғұрып бойынша әуелден текті жермен құда болып, қыз алысуға тырысқан. Сонда ғана қан тазалығы сақталып, алтын құрсақты аналардан туған ұрпақ алғыр болатынын аталарымыз білген. Сол себепті, ат арылтып, алыс жерден текті әулеттен ұлдарына қалыңдық іздеген.

Күндердің күнінде осындай ата-аналық борышты орындау міндеті Өскенбай қарияға келіп, Құнанбайға қалыңдық іздегенде таңдау көрші отырған Шаншар абыз әулетіне түскен көрінеді. Соның ішінде Нұрбике-Шаншардың қарадан шығып хан болған Бертіс тұқымдарына таңдау түседі. Сол Бертістің Бектемір деген баласынан тараған ұрпақ – тілді, шешен болып келетін еді. Әрі Бектемір әулетінен әйгілі күйші Тәттімбет Қазанғапұлы шыққанын айта кету ләзім. Ал, Бектемірдің Битен деген ұлынан Тұрпан, Қантай, Тонтай, Жантай бастаған он ұл туыпты. Әсіресе, Тонтайдың тілі өткір болып, ел аузына іліккен дейді. Сол айтқыш, сөз тапқыш Тонтай қартайып, төсек тартып жатқанда қожа-молдалар келіп, жеңілдік айта берген екен. Сонда ақырғы демі бітіп бара жатқан Тонтай ақсақал: «Жазыла-жазыла қожа-молдалардан ұят болды, енді өлмесем болмас» деп қалжыңдап, езу тартқан деседі. Міне, осы Тонтайдың ағасы Тұрпанның қызы Ұлжанға Өскенбай құда түсіп, Құнанбайға алып берген. Ұлжан осы әулетке келін болып түсіп, тоғыз айдан соң Ибраһим есімді ұлды өмірге әкелгенін білесіздер. Оны анасы бала күнінде еркелетіп «Абайжан» деп атап, ақыры Абай болып әлемге танылды. Құнанбайдың кейінгі әйелдерінен де ұл-қыздар туған. Әйткенмен, олар әсте Абайдай бола алмады. Ұлжан анасы өте тәрбиелі, басынан жаулығы түспеген, мұсылманша білім алған зерек жан екен. Дәрет алмай ешқашан сәби Абайды емізбеген деседі. Ел анасы болған Ұлжан бәйбішеден ұлы ақынның тууы да заңдылық десе болады.

«Жігіттің жақсы болмағы нағашыдан» дейді дана халқымыз. Сол халық аузында айтқыштығымен қалған Абайдың Тонтай нағашысы жайлы бір әңгіме айта кетейік.

Бала Абай Семей медресесінде оқып жүргенде жазда ауылға демалысқа келіп, нағашы жұрты тұратын Мыржық тауына бет алыпты. Сонда жол жүрейін деп жатқанда әкесі Құнанбай: «Балам, ол жақта байқап сөйле, әр сөзіңе сақ бол» деп ескертіпті. Содан жайлауға келген шәкірт бала біраз күн бой жазып, қонақ болып жүріп қалыпты. Бір күні Тонтай қарияның намазды асығыстау оқығанын байқап қалып, тиыш отырмай: «Нағашы, намазды дұрыс оқыған жоқсыз, тым тез-тез жығылып, ережесін бұздыңыз» десе керек. Сонда нағашысы: «Жиенжан, біздің ұстайтын шариғатымыз қазақтың кең даласындай – оң жағынан да, сол жағынан да ашық. Тобықтының шариғатындай емес, садақтың оғы, аттың жалы, түйенің қомынан сақтасын!..» деп мырс етіпті. Шәкірт Абай бұл жұмбақты одан әрі қозғамай, ауылына келген соң оның мәнісін әкесінен сұрады. Құнанбай қабағын түйіп, Абайға ренжіп отырып: «Байқап сөйле дегенімді қаперіңнен шығарыпсың» деп, Тонтайдың сөзінің мағынасын өзі айтып беріпті. Сөйтсе, ділмар Тонтай емеурінмен Еңлік-Кебек, Қалқаман-Мамыр, Қодар-Қамқаның басынан кешкен қайғылы оқиғаларды еске салған екен.

Сонымен, Нұрбике-Шаншар елінің жиені Абай ержетіп, қалыңдық іздеген кезде әкесі Құнанбайдың, анасы Ұлжанның таңдауы Айбике-Шаншар ұрпақтарына түскен ғой. Ол уақытта Қаздауысты Қазыбек бидің үшінші ұрпағы Алшынбай бидің дәурені жүріп тұрған кез еді. Алшынбайдың Құнанбайдан 15 жастай үлкендігі де бар. Бабасының аруағы көтерген Алшекең Айбике-Шаншар елінің болысы ғана болғанымен, бүкіл Қарқаралы дуанына сөзі өтіп тұрған-ды. Әрі Абайдың анасы – Ұлжанның (1810-1887) аталас туысы еді. Содан Алшекең 1844 жылы Қарқаралы дуанының төбе биі болып сайланады. Сол кездегі патша саясаты бойынша аға сұлтандыққа тек төрелер сайлансын деген ережені бұзған да осы Алшынбай. Қарқаралы өңірінде Бөкейхан ұрпақтары ғана аға сұлтан сайланатын. Бұрын аға сұлтан болып келген Құсбек төре мен Жамантай (Тұрсын) төренің жолын кесіп, өзінің құдасы Құнанбайды өткізіп жіберген. Сөйтіп, Құнанбай қарадан туып, билік лауазымына қол жеткізеді. Алшынбайдың аузын қарату үшін Құсбек төре оған төрт мәрте сыйлық жіберіпті. Осы сайлауға Тәттімбет те қатысып, өтпей қалған соң Алшынбай туысына өкпелепті деген ел аузында қауесет бар. Алайда, Тәттімбеттің кандидатурасын Омбы генерал-губернаторы өткізбеген екен. Себебі, Тәттімбеттің Кенесары көтерілісін қолдап, оған көмек бергені билікке белгілі болса керек. Ақыры не керек, Құнанбай 1849 жылы аға сұлтан болып сайланды. Осыдан бастап екі елдің қарым-қатынасы да нығая түсті.

Содан құдалық басталып, Алшынбайдың бәйбішесінен туған Жүсіп мырзаның қызы Ділдәні Абайға айттырады. Кейбір кітаптарда Абайдың қалындығы өзінен үлкен болыпты деген жаңсақ пікірлер айтылады. Шындығында, олай емес. Мысалы, Қарқаралы округінің аға сұлтаны Шалғынбай Бірәлин 1867 жылы дайындаған ресми анықтамада Айбике-Шаншар болысының басқарушысы Жүсіп Алшынбаевтың жасы 50-де, екі әйелі бар, үлкен ұлы Бекжан 20-да, Қадыр 18-де, Надыр 14-те, Сланбек 9-да, қызы Ділдә 19 жаста деп жазылған. Сонда Ділдә 1848 жылы туған, Абайдан үш жас кіші болып шығады. Сол «Абай жолы» эпопеясында Ділдә апамыз можантопайлау, қолынан іс келмейтін адам болып суреттелген. Ақиқатында, Алшынбайдың немересі сондай болды дегенге ешкім сенбейді. Ділдә жасынан білім алған, орысша-қазақша сауатты, ел ішінде беделді болған. Абай екеуі өз балаларының сауатын өздері ашып, білім берген.

Енді сәл шегініс жасап, Ділдәнің ұзатылуына тоқталайық. Шамамен 1865 жылдары екі әулет той жасап, жастарды қосады. Алшынбай немересін сән-салтанатымен ұзатады. Сондағы дүбірлі тойға 40 қазан ет асылған екен. Сол қазандарға арнап қазылған 40 шұңқырдың орны әлі күнге дейін Үшқара тауының солтүстігінде Жыланды деген жерде бар. Ділдәнің жасауы ақсүйектерге тән ақ боз үйі бүкіл жабдығымен, қымбат киім-кешегімен, алтын-күміс әшекейімен беріледі. Құнанбай құда аға сұлтандықтан кейін өз елінің шоншарлары жазған арыздан істі болып, біраз жыл Омбымен екі ортада жүріп, әбден қажып, енді ғана босаған кезі екен. Алшынбаймен, оның үлкен ұлы Жүсіп мырзамен төс қағыстырып, екі жасты қосып, көңілі бір көтеріліп қалса керек. Енді осы қос құданың арақатынасына қатысты бір әңгімеге тоқталайық. Алшынбай қартайып, тұғырынан түсер шағы болса керек. Сонда ол Құнанбайға: «Екеуміз Тәңірі қосқан құда болдық. Менің де шапағатым тиген болар, дегенмен Құдай жар болып, қарадан шығып хан болдың, аға сұлтандыққа жетіп, бір дуан елді биледің. Енді маған өкпең жоқ шығар» деген екен. Оған жауап қатқан Құнанбай: «Алшекем-ай, менде қандай өкпе болсын, аға сұлтандықтың атағы менікі, абыройы сіздікі болды ғой. Аға сұлтан бола тұрып, мен бес болыс Тобықтының басын қоса алмадым. Ал, сіз ешқандай лауазым иесі болмай-ақ, Қарқаралы дуанының жиырма төрт болыс елін ашсаң алақанында, жұмсаң жұдырығыңда ұстадыңыз» деп жауап қатыпты. Ертеден құдандалы болған екі елдің қариялары осындай сыйластықта болған-мыс.

Енді Абайдың бәйбішесі Ділдә Жүсіпқызы (1848-1924) туралы аз-кем ақпарат бере кетейік. Ол қасиетті Қаздауысты Қазыбек бидің тікелей ұрпағы. Жалпы, баба ұрпақтарының барлығы да зор болған. Ділдә өзі шешен, әрі ісмер, қолы өнерлі болған. Оған мысал ретінде мына бір жайды айта кетуге болады. Ділдә күндердің күнінде жақсы тон пішіпті. Құнанбайдың бауырында болған Абайдың үлкен ұлы Ақылбай тонға қызықса керек. «Маған беріңізші» деп қолқа салса, Ділдә күліп: «Тонды өз балаларым киеді, сен атанның баласысың ғой» депті. Сонда Ақылбай өлеңдетіп:

«Қазыбек арғы атаң әулие өткен,
Дүниеден фәни жалған о да кеткен.
Қиыр шетте бір адам «баба» десе,
Аруағы сол сәтте келіп жеткен.

Бекболат туып қалған артық заттан,
О дағы қарғағанын дереу атқан.
Орта жүзді билеген Абылай да,
Қаймығып, ақыл алған Бекболаттан.

Тіленші одан туған ел билеген,
Одан қорқып Арғынға жау тимеген.
Алдына барған жанға әділ екен,
Тентекті, тәртіпсізді нанша илеген.

Алшынбай одан туған орны басқа,
Ешбір жан сөз асырмас жүйрік қасқа.
Алқа-қотан халқына билік айтса,
Теріс деп, ұзақ тартып шайқамасқа.

Одан соң мырза Жүсіп нағашы атам,
Сөзімді сөкпеңіздер болса қатем.
Әрі-бері әулетін түгел айттым,
Анама осы өлеңді тонға сатам, – депті.

Сонда сырттай тыңдап отырған Абай мырс етіп күліп: «Ділдә, тоныңның құны жетерлік болды» дейді. Анасы Ақылбайды мандайынан сүйіп, тонды өз қолымен кигізіпті.

Ділдә анамыздан Абайдың ең дарынды, алғыр балалары – Ақылбай, Әкімбай, Әбдірахман, Мағауия деген ұлдары, Күлбадан мен Райхан деген қыздары туған. Сол балаларды жасынан оқу-білімге баулуда Ділдә анамыздың да еңбегі елеулі. Ұлдарымен қоса қыздары да орысша оқып, жаза білген. Мұхтар Әуезовке Абай туралы көп деректерді берген де осы бәйбішесі болатын. Бірақ, романда Ділдә онша жағымды кейіпкер болмауының себебі – ол үстем тап өкілі, би-болыстың ұрпағы еді. «Бәйбішесі Абайдан үлкен болған-мыс, өзі сөз білмейтін қарабайырлау адам болыпты» деген қисынсыз сөздің шығуы – біріншіден көреалмаушылық, екіншіден Абайдың бәйбішесінің үстіне тоқал алуын ақтау үшін көлденең жұрттың шығарған сөзі деп ойлаймыз. Осыған қатысты ел ішінде мынандай әңгіме бар. Абайдың көңілі Тоғжанға ауғанда үлкендер: «Ділдә бәйбішенің үстіне тоқал алма, ол киелі әулеттің ұрпағы ғой. Кесірің балаларына тиеді» деп ескертіпті. Ақыры сол сөз шындыққа айналып, Абайдың үміт артқан балалары өзінен бұрын өмірден өтіп кеткені өкінішті-ақ. Бұл ұлы ақынның ең үлкен трагедиясы…

Қорыта айтқанда, Абай Құнанбайұлының нағашы және қайын жұртына қатысты кейбір деректер легі осындай. Заманында халық аузында болған, атақ-даңқы жер жарған Шаншар абыз бен Кеңгірбай ұрпақтарының өзара құдандалы болуы – Абай тәрізді ұлы ақын, данышпанның өмірге келуіне сеп болды деп айтуға осындай негіз бар.

Серік СЕКСЕНҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
«Құрмет» орденінің иегері

Ақынға арнау

Абайдың ақтарған соң мұрағатын,
Ешкімнің мінген жоқпын
сұрап атын.
Одан кейін шыққа да ғажап ақын,
Одан кейін туған жоқ ғұлама ақын.

Қаша алмай Жаратқанның
қалауынан,
Ойланса – тәні сыздап,
жаны ауырған.
Атырау, Арқа, Алатау ышқынса да,
Асырып ұл таппады, Қарауылдан.

Рухани суарғанмен кәдең көпті,
Бағалай алдық па екен, бар еңбекті?
Қырықтан кейін жазған өлеңіне,
Өреміз қырықтан соң әрең жетті.

Данышпан, бар болғаны әруақсың,
Әруаққа тиіскенді Тәңір атсын.
О дүниеде білмеймін, бұ дүниеде,
«Мыңмен жалғыз алысып»
әлі жатсың.

Тау емес, тұтады екен төбені үлгі,
Кімге барып оқиын өлеңімді,
Тірісін атқаны мен сатқаны аздай,
Өлгенімен алысып не көрінді?!

Түртпектеп, бақ құсыңды
қондырмайды.
Адамды, адам түсінбеу –
ол бір қайғы.
Өмірде қазақ болсаң, қателеспе,
Қателессең, жабылып оңдырмайды.

Ырысын олай ұрлап, былай ұрлап,
Бір қауіп сездіреді, Құдайым-дап.
Мына жұрт ел бола ма,
болмайды ма,
Біз де өтетін болдық-ау уайымдап.

Жақсының көбі кетіп, азы қалған,
Жалған-ай, не шығады
базынамнан?
Көмілген соң артыңнан
көкіп сөйлеу,
Көріңнен бірдей шығар
қазып алған.

Ақындардың сапары – күмәнді жол,
Түңілмей, беріп үлгер
мұраңды мол.
Өлгеннен соң болады бәрі жақсы,
Тірлігінде тек қана шыдамды бол!

Бағдат МҮБӘРАК,
ақын, Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының иегері

Абай аманаты адастырмайды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Абайдың идеялары бүгінгі «Әділетті Қазақстан – Жауапты азамат – Прогрессивті ұлт» ұстанымымен табиғи үндес. Ұлттың болашағы – жеке тұлғаның біліміне, рухани биігіне байланысты екенін дәлелдеген де – Абай.

Абайтанушы ғалым Омар Жәлел ақын мұрасын бүгінгі қоғам тұрғысынан саралап, өткір пікірлерімен елдің көңілінен шығып жүр.

«Абайдың «адам бол» деген сөзін біз дұрыс түсінбеген екенбіз. Ол «адам бол – мал тап» дейді. Біз балаларымызға «адам бол» дейміз, бірақ «мал тап» деп айтпаймыз. Өйткені, кеңес үкіметі «мал деген жаман» деп үйретті. Ал, Абай адам мен малды – яғни рух пен материалды тең ұстауды насихаттаған еді», – дейді ол.

Ғалымның пайымдауынша, Абай еңбектің, адал кәсіптің, білім арқылы табыс табудың маңызын айтып отыр. Ол үшін ғылым – өмір сүрудің, рухани жетілудің, табысқа жетудің жолы.

Демек, бүгінгі қоғамда Абайды ұлықтау – жас ұрпақтың санасына еңбек, әділет, ынсап пен ғылым дәнін егу, қоғамды жалған патриотизмнен арылтып, шынайы адамгершілікке жетелеу, ұлттың келешегін біліммен, ғылыммен, парасатпен өрнектеу. Яғни, мектепте Абай өлеңдерін жаттап қана қою емес, оның идеясын күнделікті өмір салтымызға айналдыру екенін ұққан жөн.

Одан бөлек, хакім шығармалары әр қадамымызда әділеттілік іздеу, кәсіп пен ғылымды қатар ұстау, қоғам алдындағы борышымызды түсіну, жалған намыстан биік толық адам болу сынды міндеттерді жүктейді.

Ұлт келбетін қалыптастырар мұра

Абай – болашаққа сенген. Ол «Толық адам» тұжырымдамасы арқылы рухани, интеллектуалдық, адамгершілік тұрғыда адамның жан-жақты дамуын көздеді.

Хакімнің «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» – деген идеясы қазіргі ел дамуының идеологиялық іргетасы болып отыр. Абайдың шығармалары мен қара сөздері білім беру саласына терең еніп, ұрпақ тәрбиесінің басты тетігіне айналып келе жатқанын да атап өткен жөн.

Абайды тек оқу жеткіліксіз. Оны заманауи форматта таныту, идеяларын бүгінгі ұрпаққа лайықтап ұсыну – уақыт талабы. Осы мақсатта соңғы жылдары Абай мұрасын жүйелі зерттеу бағытында нақты жұмыстар атқарылып жатыр.

Атап айтсақ, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты – ақын мұрасын жүйелі зерттеуге арналған заманауи орталық. Институт бірнеше жылдан бері 90-нан астам ғылыми еңбек, оқу құралы, мультимедиялық жоба мен деректі бейнебаян жасап шығарды.

«Толық адам» жобасы арқылы Абайдың философиясы жастар арасында кең таралуда. Бұл бүгінгі цифрлы дәуірде цифрлық мәдениеттің маңызын түсіну үшін де ақын шығармаларына үңілу қажеттігін дәлелдеп отыр.

Институт жұмысы гуманитарлық ғылымдарды, мәдениет пен тілді, Абайдың экономикалық көзқарасын қазіргі заман талабына сай қайта интерпретациялауға бағытталған.

Мәдени дипломатияның бренді

Бүгінгі таңда Абай есімі халықаралық аренада мәдени дипломатия мен ұлттық танымның символына айналды. 2020 жылы Президенттің бастамасымен құрылған Абай институты бүгінде қазақ тілін, мәдениетін шетелде насихаттаудың тиімді құралына айналды.

Аталған платформада 2 600-ден астам қолданушы тіркелген, қазақ тілін үйрететін онлайн курстар, анимациялар, видео дәрістер, мәтіндік материалдар кең қолданыс тапты.

Енді 2025 жылы Абай институтының бастамалары аясында Анкара, Стамбұл, Париж, Вена, Омбы, Будапешт, Лос-Анджелес, Ұлан-Батор сынды ғылым-білім дамыған әлемнің алып шаһарларында қазақ тілін офлайн оқыту орталықтары ашылмақ. Бұл – Абай есімін Гете, Сервантес, Конфуций институттары деңгейінде жаһандық дәрежеге жеткізуге бағытталған стратегиялық қадам.

Түйін

Абай – тарихымыздағы дара тұлға болуымен қатар, бүгіннің бағдары, ертеңнің идеясы. Ойшыл интеллектуалды ұлт идеясын алғаш ұсынған қайраткер. Оның философиясында жеке адамның емес, бүкіл қоғамның сапалық өзгерісі жатыр. Ол бізге ғылымға ұмтылу, еңбектену, білім арқылы биіктеу қажеттігін ғасыр бұрын айтып кеткенін ұмытпаған жөн.

Абайдың ең үлкен арманы – халқының білімді, мәдениетті болуы еді. Ол ғылым мен техниканың рөлін жақсы түсінді. Қазір Қазақстанда Абайды жаңаша оқу – ұлттық қажеттілік. Осы тұрғыдан келгенде, Абай күні – ұлттың білім мен ғылымға бет бұруы тиіс күн.

Абай күні – ән шырқап немесе отшашу ататын мейрам емес, керісінше, ойланатын, өз-өзіне есеп беретін, ұлт болашағын бағдарлайтын рухани дата.

Бұл – кемеңгер тұлғаның: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға» деген өсиетіне құрмет көрсету күні.

Бүгінгі Қазақстан Абайдың аманатын жаңаша түсініп, заманауи тетіктермен жүзеге асыруда. Ғылымсыз ұлт өркендемейді. Абайша айтсақ:

«Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан». Абай күні – осындай терең танымның бастау нүктесіне айналуға тиіс.

Менің Абайым

(Ағымнан жарылғанда)

Бәріміз де кеудемізді ашып соның алдында түрмыз: кеудемізде қандай өрт? Көкірегімізде нендей дерт?!. Соның бәрі Абайдан айнаға түскендей көрініп тұр!

Мұхамед (с.ғ.с): «Менен кейін бұ дүниеге пайғамбарлар келмейді, – ақындар келеді!» деген. Бұл енді адамзат қоғамдастығындағы пайғамбарлық миссияны ақындар атқарады деген сөз-ді.

Пушкиннің «Пайғамбар» атты өлеңінде Тәңірі ел-жұртына бір ауыз лебіз айтсам деп, қолына қалам ұстаған адамның көкірегіндегі өлі етті суырып алып, оның орнына берісі – ұлтының, әрісі – адамзаттың асау рухы атойлаған асау жүректі ат ойнатып қоятыны хақында айтылған. Өлең емес – «Інжілдің» хикаясы бұл: Құдайдың осындай рухани операциясынан аман қалған адамның құлағына тірі жанға естілмейтін сиқыр дыбыстар шалынып, көзіне өзінен басқа жұмыр басты пендеге көрінбейтін құбылыстар көрінеді. Оның атын Поэзия дейді. Пушкиннің өзін пайғамбардай сезінетінінің түбі сол тәңірлік тезден төркіндейді. Қолына қалам ұстағанның бәрі жер бауырламай, өздерін Пушкинше ұстағанда, Алла адам баласынан дәл бүгінгідей теріс айналып кетпес еді... Пушкиннің «Пайғамбарының» тебіренісіне кенеліп, тереңіне бойлай алмаған пенденің қолына қалам ұстауға хақысы жоқ! Абай-Мағжан-Сұлтанмахмұт, Ілияс-Қасым-Мұқағали-Әуезов-Мағауиндер сол тұңғиықтың тереңіне жеткен соң телегей-теңіздей тебіреніп, жазушының пайғамбарлық миссиясын атқарып кетті...

Абайдың жазған-сызғандарына қарасаң, – бір-ақ том! Академиялық түсіндірмелерімен ғана әрең дегенде екі-үш том болып тұр... Мен де шатып, инерциямен көп шимайлап тастаған екем, Абайды телміріп оқыған соң, енді есімді жиып отырмын. Жинақтап қарасам, әрқайсысы 20-25 баспа табақтан 10 томдай дүние шықты. Алпыс алты жыл жазғаным екен, – іштен шыққан шұбар жылан; 6 том – өлеңдер мен поэмалар, бір том – қарасөзді компьютерден жойып жібердім! Үш том болды бәрі. Меніңше, бұ да көп...

Көз алдында тұра берсе, алаңдап, ақырында қимай қалады екенсің. Біз Абайдан кері, кейін шегініп барамыз! Біздікі бос әуре екен, әттең, өлең жазудың техникасын меңгеріп алып, бұрқыратып жаза беретін профессионалдық ақындықтың да айықпас бір дерт екенін Александр Блок баяғыда-ақ айтып кетіпті. Алдымызда Абайдай – ұлы үлгі тұрғанда мұнымыз не?! Енді ғұмырым жетсе, өз Абайым (М.Цветаеваның «Мой Пушкині» секілді) бір кітап жазып кетсем, арманым болмас еді? Енді, Алла жазса, соған отырам!

Дүниеде екі кітаптан қорқып, оларға онша тереңдемей, анда-санда, атүсті оқушы едім, біреуі – Құран, екіншісі – Абай. Құран мен Абайды ертеректеу оқығанда өлең жазбай кетуші едім, – ақымақтығымнан өлең жазып жүр екем?.. Құдайдың жөні осы еді! Қазір есіл-дертім – Абайда. Құранға ғұмырым жетпес. Поэзия – бекзада жанр. Ресей-совет өкіметі Пушкинді миллион тиражбен таратып, – оңбай қателесті... Ресей түгілі, бүкіл дүние жүзінде Пушкиннің жырынан рухани ләззат алатын миллион тұрғын жоқ қой?! Абайды миллиондаған қазақтың қаншасы түсінеді?

Абайдың томын ашқан сайын өзімнің ақымақтығым мен дарынсыздығымды аңғара бастағандаймын, (бас қойып оқымайтыным – содан!), мына опасыз дүниеден көресініңді көрген сайын Абайдың кітабын жаңа ашқандай боласың! Басына күн туғанда ғана Алласын еске алатын өлімге бола туған маңдайы қушық пенде құсап, мен де тағдырдың тәлкегіне түскенде Абайдың қара томдарына үңілемін, сонда ол сол сәттегі көңіл күйді тап басады! Дертіме одан басқа дауа таппай барамын: «Абай 1902 жылдан кейін өлең жазған жоқ», – дейді Мұхтар Әуезов. Ол сонда елу төрт жаста екен. Мен де бұрқыратып жазып жатырмын. Не тындырдым?! Қаламдастарыма қарасам, өзіме деген бір қанағат сезім лып етіп, Абайға қарасам... көкірегім сыздап, көңілім құлазып кетеді, – екі оттың ортасында жүрмін мен; оны оқыған сайын өзгелерге ғана емес, өзіме өзімнің көңілім толмай, көкірегім қарс айырылып барады...

«Негізі шын ақындардан гөрі нашар ақындар көп. Ақын көп болмайды ғой. Абайдың тұсында, Мағжанның, Қасымның тұсында қаншама ақындар болды. Абайдың тұсында да қора мен қопсының айналасындағы ақындар болған. Бірақ, Абай бір өзі тарихта қалды. Негізі шын ақындардан гөрі нашар ақындар көп. Оның бәрін уақыт сұрыптайды. Мәселен, Мұқағали, Жұмекен, Қадыр, Тұманбай дегеннен кейін сен өзің тосылып қаласың. Сол сияқты уақыт бәріне төреші» – дейді XXI ғасырдағы тегеурінді ақын Темірхан Медетбек (BAQ.KZ-ке берген сұхбатынан).

Пенде атаулыдан көңілі қалған қайран Абай «Ғақлиясының» 38-сөзінде тек Тәңірі хақында ғана ой толғап, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп, XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында Аллаға жеткен еді.

Бүгін Алаш Алланың алдына келіп тұр – кеудесіне Құранын ұстап! XII ғасырда Оған: «Құлдарыңды Құдайына қараған, Сұқбан Ием, сақта, пәле-жаладан!» деп, Қожа Ахмет Яссауи барған. «Айтар болсаң – Алланы айт! – деп, XVIII ғасырда Бұқар жырау – Көмекей әулие барған-ды. XX ғасырда: «Жүрегім, мен зарлымын жаралыға, сұм өмір абақты ғой саналыға. Қызыл тіл – қолым емес – кісендеулі, сондықтан, жаным күйіп, жанады да. Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң, толғанып қарауым сол баяғыға... Ертегі уатпай ма баланы да, сөз сиқыр ғой, жазбай ма жараны да? Ақын да бір бала ғой Айға ұмтылған, еркімен өзіақ отқа барады да; жай тақтақ жабайыдан жол қалғанда, қанды өрт боп ақын жолы қалады да; ойлайды, күңіренеді, толғайды ақын, күрсініп көзіне жас алды да, Ақында адамзаттан дос болмайды, жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына!» деп, Тәңірінің алдына Мағжан барған. XX ғасырдың соңын ала Оған: «Иә, Аллам! Жаратушы Жалғыз Ием, медет бер, жапандағы жалғыз үй ем; хал сұрар, жай түсінер бір пенде жоқ, жүрек – жүн, ойым – опат, жанды жүйем. Иә, Аллам! Жаратушы Жалғыз Ием!» деп, Мұқағали келді! XXI ғасырда «Шалқайып күлдім. Талтайып тұрдым!» – деп Темірхан Медетбек келіп тұр Көк Түріктер Жұртынан! Оған ілесе, «Жоқтық деген немене – барлық делік, Бақыт деген дүние ме – алдық бөліп. Дүниедегі ең ұлы көрініс не? Ол шідерін үзген ат қарғып келіп. Мен қайрылдым, сендағы бұрылшы, інім, қалай не деп ұғамыз мұның сырын. Аяғыма қараймын – шідерім жоқ, неге қақсай береді жіліншігім?» – деп, Есенғали Раушанов шықты...

Мемлекетінде меншіктеп армия ұстамаған ел – бұл. Әлемде ешбір елді баса көктеп басып алмаған жұрт! Полиция, түрме дегенді XIX ғасырда көріп, аң-таң қалған халық бұл: «Еңкейгенге – еңкей, ол – атаңның құлы емес, шалқайғанға – шалқай, ол – құдайдың ұлы емес!» деген асқақ жұрт осы еді. Алла, сонсоң осы күнге дейін аялап тұр оны!

Сонау Көк Түріктер заманында Көк Тәңірмен тілдескен, Ұлы Қағанат құрып, Шыңғысханмен бүкіл Еуро-Азияға әмірін жүргізген бұл жұрттың да шалыс басып, шалқасынан құлаған, бармағын тістеп, егіле жылаған кездері де аз емес. Неге? Құдайдың айтқанын, Құранның сөзін тындамаған кездері көп-ті – пенденің айтқанына еріп, айдағанына жүріп – қателесті... Алла не дейді? «Әй! Кәпір! – де – сен табынған дәлдүрішке мәңгіріп, Тәңірі бар да Мен бас имен – Мәңгілік!» (Құран, «Мағұн» сүресі). Тәңірі бәрін көріп тұр: «Алла көнбес аярыңа не түрлі» дейді Құранның «Мағұн» сүресі. Халықтың қазына-байлығын көзін бақырайтып қойып ұрлап алып, коттедж-виллаларда ықылық атып отырғандар Құранның «Һұмаза» сүресін оқыса, не бетін айтады: «Өңшең тексіз! Сұм-зымиян! Қайда – қырт?! Малын санап, алған іші майланып! Күннің-күні Хұтамаға түседі ол, Алла алдына келеді қайтсе де бір – айналып!».

Алаш Ана Абай томдарын кеудесіне басып, Алланың алдында тұр. Адамзатта маңдайы жарқыраған небір марқасқа ғұлама айтпаған сөзді біздің Абай айтқан: «Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетін пендеміз. Сол махаббат пен ғадалетке қарай тартпақпыз, сол Алланың хикметін біреуден-біреу анығырақ сезбекпен артылады». Пендеден – пенде ғана емес, мемлекеттен – мемлекет те бірінен-бірі Алланың хикметін анығырақ сезінуімен асып, асқақтайды. «Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет, сезім» (Абай). Ата Заңында махаббат, ғаделет сезімі айқұлақтана көрініп тұрған мемлекеттер өркениет өріне бет алып барады. Біз де содан қалмауға тиіспіз. Сапарың сәтті болсын, Абайды алдына ұстаған Қазақ Елі!

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ,
ақын, Абай атындағы
Мемлекеттік сыйлықтың иегері

Хакім мен ғылымның прагматикалық аспектілері

Абайдың бір өзі – тұтас әлем және көрінгенге ашыла бермейтін, қалтарысы көп жұмбақ әлем, зерттелмеген мұхит, игерілмеген ғарыш. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Олардың қатарында саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес. Солардың ішінде Абайдың орны ерекше. Бірақ біз ұлы ойшылымызды жаһан жұртына лайықты деңгейде таныта алмай келеміз» деген болатын. Осы пікір қазіргі таңдағы абайтану ілімінде жаңа серпіліс туғызып, тың бағыттағы соны ізденістер жасауға жетеледі.

Абай мұрасын әлемдік таным-білік тұрғысынан тану мен насихаттау үшін әлеуметтік, гуманитарлық ғылымның қол жеткізген межесі дәрежесінде талдау қажеттілігі ерекше байқалып отыр. Себебі Абайдың ақындығы мен ойшыл тұлғасы – тарихи кезеңнің әлеуметтік болмысымен және шындығымен қалыптасқан бірегей құбылыстың көрінісі. Қазіргі таңда ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір кеңестік дәуірдегі абайтану ілімінің заман алға тартқан ауыр жүгін көтерген әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеулерін әдіснамалық тұрғыдан таразыға тартуды қолға алып жатыр. «Зерттеулердің деңгейі алдымен Абай жазған шығармаларының мәнін, бірегей жаратылысын психологиялық, феномендік, эстетикалық жүйелі құбылыс ретінде әдебиеттану ғылымының қазіргі нәтижелерімен пайымдалуы тиіс. Бұрынғы зерттеулердің жарамдысы да, жарамсызы да осыған қарап белгіленеді» деген ғалым Ш.Ибраевтың пікірі оған нақты дәлел. Себебі рухани және ғылыми мұрамыздың құндылығын бағалауда теориялық және әдіснамалық ұстанымдар өзгерді. Бірақ маркстік-лениндік әдіснаманың ықпалында амалсыздан айтылған шектеулі қорытындылар енді қол байлау бола алмайтынын білсек те, айналып шыға алмай жүрміз. Бұл – Абай мұрасындағы ғылымның прагматикалық аспектілеріне де қатысты.

Абай өз шығармашылығында ақыл-ой сыйынан бас тартқан адамдарды қатты сынайды. Олар адамды табиғи болмыс әлемінен ажыратып, оның барлық тіршілік иелерінен жоғары қоятын туа біткен ойлау, тану, іздену, меңгеру қабілетін көбінесе бос, зиянды істерге пайдалана отырып, сол арқылы өзінің табиғи таңғажайып дарынын босқа ысырап жасайтынына ерекше көңіл аударады. «Алайда білім мен ағартушылық жолын таңдағандарды моральдық-адамгершілік тұзақтар күтіп тұр» деген ойшыл мынаны еске салады. Олар – бұл менмендік, мақтаншақтық, ғылыми қызметтің жемісін тек өз мүддесіне пайдалану. Ғылымның қиын жолын таңдаған адамға Абай негізгі алты ережеден тұратын мынадай өсиет айтады.

1.Білім алуға деген құштарлық, оның көмегімен қандай да бір жеке пайда табу, дәреже алу ниетінен туындамауы керек. Ғылыми қызметтің негізі – ақиқатқа деген сүйіспеншіліктен, танымдық процестің өзінен және белгісізді ашудан тұру керек. Адам өз алдына білімнің бүкіл адамзатқа ғана емес, оны ашатын адамға да пайда әкелетін құндылық екенін есте сақтауы керек: «Білім-ғылым табылса, дүниенің бір қызықты нәрсесіне де керек болар еді деп іздемеске керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең, һәм әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады Адам көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де мейірленеді, тезірек қолға түседі».

2.Ғылым-білім жолындағы таласты ұнататын адам оны өз аргументтік жүгін толықтыру және өзіндік шешендік шеберлігін шыңдау мақсатын ғана көздемеуі керек. Абай ғылыми дау – сенімнің берік болуына немесе жаңа білім алуға ықпал ететін таным түрлерінің бірі екенін атап көрсетеді. Дегенмен, оларды жиі қолданудың себебі, өздерінің білімі мен эрудициясын көрсетуге, басқалардан жоғары тұруға ұмтылу, кейде мұндай жағдайларда пікірталас ғылыми саланы байыта алмайды, керісінше, қызғаныш сияқты адамгершілікке жат сезімдерді арттырады. «Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін!». Бұл ойшылдың ұстанымы.

3.Ақиқаттан ауытқымау, қандай қиыншылық болса да оны қорғау – ғалымның парызы. Ғылым адамының этикалық принциптері, ақиқаттың өзі сияқты икемді емес және белгілі бір жағдайларда ыңғайлы қалыпты қабылдай алмайды. Ақиқат тәуелсіз және объективті түрде өмір сүреді, бірақ оның тағдыры оны ашқан адамның беріктігі мен сеніміне байланысты: «Егерде ондай білгендігің өзіңді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?».

4.Ғылым жолындағы әдіснамалық әдістер жүйесін және танымдық құралдарды үздіксіз жетілдіру. Абай бір-бірімен байланысты екі маңызды әдісті бөліп көрсетеді, олардың игерілуі мен дамуы білімнің артуын Абайдың философиялық іліміндегі «толық адам» тұжырымдамасы қазіргі заман талабын қамтамасыз етеді. Абайда олар: мулахаза – полемикалық шеберлік және басқару, мухафаза – өз ұстанымына сенімді болу

5.Ақыл-ойдың немқұрайлылыққа, орынсыз қуанышқа, күңгірт ойлар мен жойқын құмарлықтарға деген жағымсыз бейімділіктерден сақ болыңыз және оны баса біліңіз. Құмарпаздықты ермек ету адамның рухани және интеллектуалдық қорын ысырап етіп, өзіне де зиянын тигізіп, жалпы қоғамға да пайда әкелмейді. Хакім ғылымға жүгіну, рухани жаңғыру жолы адам бойындағы қажырлы еңбекті және ақыл-ойдың қатаң тәртібін талап ететінін, жалқаулыққа, болмашы қызықтарға ынталануға, ойын-сауыққа жол бермейтінін еске салады.

6.Ақыл мен білімге сауыт болатын мінезді тәрбиелеу. Өйткені, өзін ғылымға арнаған адам үшін икемді, әлсіз мінез оның көзқарастары мен сенімдерін қорғай алмайды, маңызды моральдық-адамгершілік беріктіктігін қамтамасыз етуге қабілетті емес. Сонымен қатар, адамның әлсіз еркі өзінің төменгі пенделік ұмтылыстарына төтеп бере алмай, ақыл мен жүректе жалқаулық, енжарлық, көреалмаушылық және басқа да жамандықтардың салтанат құруына жол береді. Абайдың айтуынша, даналық сенімді деструктивті тәкаппарлықпен немесе өзін-өзі қанағаттандырумен шатастыруға болмайды, ол алынған білімді қорғайды, оны сақтауға және келесі ұрпаққа беруге көмектеседі.

Абай өз еркімен саналы түрде ғылыми таным жолын таңдаған адамға берген соңғы, алтыншы постулаты бізді адам тұлғасының бірегей құрамдас элементтері – қайрат, ақыл және жүрек арасындағы ажырамас байланысын түсінуге жетелейді, олардың бір-бірімен үйлесімді әрекеттесуі толық адам, біртұтас кемел тұлғаның айрықша белгісі болып табылады. Әмбебап адамның тұтастығы – қайрат, ақыл және жүректің үштігіне байланысты. Бұл қасиеттердің әрқайсысы, жеке алғанда жеке адамның тұлғалық қадір-қасиетін білдіреді, бірақ басқа екеуімен толықтырылмаса, ол адамның моральдық-адамгершілік толықтығын қамтамасыз етпейді және керісінше, басқа нашар әрекетпен шектелгенде, ол өзін күтпеген жағымсыз жағынан көрсете алады.

Абай осы үш компоненттің табиғатын және олардың адам болмысының қалыптасуындағы рөлін «Он жетінші сөзінде» баяндап, Қайрат, Ақыл және Жүректің дауына Ғылымды төреші ретінде сайлап, сол арқылы олардың қайсысы Ғылымның өзінен де маңыздырақ екенін, оның бейтараптығы мен ақиқатқа тең білімнің шешуші маңыздылығын ерекше атап өтті. Қайрат – бұл адамның төмен, лайықсыз ұмтылыстарын реттейді, кез келген жұмыста табандылықтың кепілі және таңдалған бағытта кемелдікке жетуге, адамның моральдық-адамгершілік келбетін мінсіз сақтауға көмектеседі. Оны Абай ғылымның тілімен былай баяндайды: «Сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруына қарай қаттылығын да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман». Қайрат жақсылыққа да, жамандыққа да бірдей қызмет етуге қабілетті: ол этикалық критерийлерді басшылыққа алмайды, оның басты міндеті – таңдалған әдісті жоғары деңгейге жеткізу.

Ақылдың бірегей қасиеті оның барлық нәрсені, соның ішінде рухани-этикалық категорияларды түсіну және ғылым нәтижелерін тиімді пайдалану қабілетінде жатыр. Сонымен бірге, ол да қайрат сияқты жақсылық пен жамандықты ажырата білудің негізгі маңыздылығын ескермейді: «Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман».

Өз кезегінде Абайдағы Жүрек адам бойындағы өмірлік бастаудың бейнесі, жоғары адамгершілік қасиеттер мен өлшеусіз рухани әлеуеттің сақтаушысы болып көрінеді. Бұл адамды моральдық дилеммалардың дұрыс шешімдеріне және оның қайраты мен ақылы ізгілік пен ақиқатқа қызмет етуге арналған ізгі өмір салтына итермелейді. «Осы үшеуің [Қайрат пен Ақыл] басыңды қос, бәрін де Жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты Ғылым екен. Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта» деп жазуы соның дәлелі.

Ұлы Абай бұл үшеуінің дауын осындай үкіммен шешеді, мейірім мен адамгершіліктің белгісі, екеуінен жоғары тұрған адам онтологиясының негізгі элементі жүректі таңдайды. Қандай да бір сыртқы немесе ішкі жағдайларға қарамастан, рухани жаңғыру адам үшін әрқашан мүмкіндік. Абай гуманистік ұстанымдарды берік ұстайтын адамның бастапқы жақсы табиғатына сенеді. Бірақ ол әрқашан әр түрлі пендешілік ынта мен зиянды бейімділіктерге төтеп бере алатындай күшті бола бермейді, соған қарамастан жеке тұлғаны жетілдіру әлеуетін сақтайды деп санайды. Абай рухани-адамгершілік кемелдікке жету үшін осы қиын кедергілерді еңсерудің жалғыз дұрыс жолы еңбек пен білім жолын таңдаудан, іргелі қасиеттердің ішкі үндестігіне ие болудан көреді.

Ұлы ақын қарастырған осы ақыл, қайрат, жүректің әрқайсысы – бірінің әлсіздігін бірі өзінің күшімен толтыра отырып, бір-біріне мұқтаж. Ал оны анықтап отырған да ғылым. Олардың үйлесімділігі мен тепе-теңдігі адам іздеген мұраттарды – толық адамның сан қырлы бейнесін құрайды. Оның өмірлік мақсаты – жоғары адамгершілік ұмтылыстарымен анықталатын, өзінің жан-жақты үздіксіз дамуы және жалпы қоғамға қызмет етуі, жақсылық, білім және сұлулық ұстанымдарынан тұрады. Абайдың әмбебап және біртұтас тұлға «толық адам» туралы философиялық тұжырымдамасы қазіргі адамды ең жағымды жаққа өзгерте алады және оның адамгершілік-интеллектуалдық бағдарына айналуы қажет.

Жандос СМАҒҰЛ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

Бір өлең хақында

Біздің мақаламызға өзек болып отырған ұлы Абайдың поэзиясы терең ойдың тебіренісінен ғылыми дәйектермен сабақтаса туған шығармалар болып табылады. Сындарлы сананың сүзгісінен өтіп, өмірге келген салиқалы өлеңдерінің бір парасын әбжад пен нумерология бағыты бойынша түсінік беруге талап жасадық.

Әуел басқысына келсек, ақынның алғашқы өлеңдерінің санатына «Әлифби» туындысы жатады. 1933 жылы жарыққа шыққан жинағында 1864 жылы жазылған деп көрсетіліпті (Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы, 1 том – Алматы: ҚМКӘБ, 1957. – 267-б.). Бір байқалатын жайт – мұндай шығарманы өмірге әкелуіне медреседегі діни оқудың әсері болғандығы ақиқат. Тақырыбы – білім және тіл ғылымы. Идеясы – дыбыстардың астарын ашып, оқырманға ұсыну. Мақсаты – әріптердің танымдық деңгейін айқындау. Мағынасы өте терең және сан салалы. Туындыны тұтас күйінде алып, шағын ойдың аясында жалпы шолу арқылы түсіндіру мүмкін емес. Жинақтап қарастырғанның өзінде әр жолға жеке-жеке тоқталған жөн сияқты. Медресе оқуы шариғатпен сабақтастыра жүргізілетіндігі белгілі. Шариғат жолы ислам тұрғысынан болғандықтан, жазу үлгісі араб графикасы арқылы жүзеге асқан. Арабтың әліпбиінде 28 әріп таңбасы бар. Олар А дыбысынан басталып, И дыбысымен аяқталады, оңнан солға қарай жазылады. Енді әр жолға жеке-жеке тоқталып көрелік.

Аталмыш өлеңнің алғашқы жолы ақынның шығармалар жинағында «Әлиф дек ай йүзіңе ғибрат еттім» деп берілген. Өлең жолындағы екінші сөз түсініксіз. Біздің ойымызша, ол дек емес, деп болуы керек. Туындының араб графикасымен жазылғандығы ақиқат. Араб тілінде п деген дыбыс жоқ. Сондықтан, ол дыбысты б таңбасымен түсіруі мүмкін. Ол – د ـ ب – деб болып шығады. Б-ның астындағы нүктесі өшіріліп қалса, к деп те оқуға болады. Екінші нұсқа – тек – деп оқу. Араб графикасымен ол былай түседі: ك ـ ت . Егер жазу көмескіленіп т үстіндегі екі ноқат өшіріліп, т мен е-нің жалғасқан тұсы үзілсе, д – деп оқылады. Сонда, ол дек болып шығады. Бұл бастаушы жолдағы екпін түсетін сөздер – әлиф және ғибрат.

Ендігісі, Әлифтің сандық мәні – бір, дыбысы – А, Жаратушыны айқындайтын қасиетке ие. Ал, ғибрат сөзі үлгі, өнеге, сабақ деген мағынаны беретін араб сөзі (Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 264-б.). Сонда жолдың мағыналық сипаты: «Аллаһ деп ай жүзіңнен тәлім алдым» болып шығады. Яғни, тәлімді, немесе, сабақты. «Әлифбиден» қазақи тілмен айтқанда «Әліппеден» алған болып тұр. Осы орайда Ы.Алтынсариннің:

Бір құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық! –

деген өлең жолдары ойға оралады, мазмұндық тұрғыда үндестік байқалады. Ғибрат сөзін араб тілінен алғандықтан, сол тілде жазсақ: ҒБРТ – төрт дыбыс арқылы кескінделеді. Әбжад бойынша сандық мәні: Ғ – 70, Б – 2, Р – 200, Т – 400. Қосындысын шығарсақ:

70 + 2 + 200 + 400 = 672 = 6 + 7 + 2 = 15 = 1 + 5 = 6.

Алты саны таным мағынасын береді. Осы сөздің аясына екі түрлі мәселе жасырылған. Алғашқысы – Құран Кәрімді оқып білу. Құран 6 666 аяттан, яғни, 114 сүреден тұрады. Осы сандарды жинақтасақ:

6 + 6 + 6 + 6 = 24 = 2 + 4 = 6,
және:
1 + 1 + 4 = 6.

Ең үлкен, әрі биік таным Құранда екен. Өлең жолында ғибрат сөзі арқылы астарланған. Екіншісі – жалпы танымын, яғни, білімін арттыру. Бұл ойды ғибрат сөзінің алты саны арқылы берілген.

Екінші жол. «Би-Балай дәртіңа нисбәт еттім». Жолдың екпіні үш сөзге – Би, балай, нисбат – түсіп тұр. Би, яғни, Б дыбысының сандық мәні – 2, ол жаратылыс ұғымын береді. Бәлә сөзі – сынаққа алу (Б – 2, Л – 30) (Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы. – Алматы: Ғылым ордасы, 2014. – 104-б.), нисбат – бір нәрсеге қатысу, араласу арқылы шешімін табу (Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 264-б.) мағынасын береді. (Н – 50, С – 60, Б – 2, Т – 400). Енді әрқайсысының жинағын есептеп көрелік. Бәлә сөзі:

2 + 30 = 32 = 3 + 2 = 5.

Нисбат сөзі:

50 + 60 + 2 + 400 = 512 = 5 + 1 + 2 = 8.

Бес саны сынақ өмірдің кезеңдері. Сегіз саны – ізденіс. Сонда жолдың мағынасы: «Сынақ өмірден өту үшін дұрыс жол іздедім» болып шығады.

Үшінші жол. «Ти – тілімнен шығарып түрлі әбиат». Екпін екі сөзде тұр. Бірінші, Ти, яғни, Т дыбысы, сандық мәні – 9. Ол жаратылыстың ең жоғарғы нүктесін, биігін көрсетеді. Екінші, әбиәт – биәт деген сөздің көпше түрі. Аудармасы өлеңнің арнау тектес жанры (Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 264-б.). Әбжадтағы мәнін көрсетсек: А – 1, Б – 2, И – 10, А – 1, Т – 400. Қосындысы тоғыз санын шығарады.

1 + 2 + 10 + 1 + 400 = 414 = 4 + 1 + 4 = 9.

Тоғыз жоғары биіктікті аңғартады деген мағынамен өлең жолын байланыстырсақ: «Тілімнен өте мәнді де көркем сөздерді туғызсам» болып шығады.

Төртінші жол. «Си – сәнаи мәдхіңа хұрмәт еттім». Си, яғни С дыбысының сандық мәні – 500, түбірі – 5.

Бес саны сынақ өмірдің кезеңдерін сипаттайды. Сәнәи (сәнә) сөзінің аудармасы араб тілінен алғанда жыл деген мағынаны береді (Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 264-б.). Әбжадтағы мәні: С – 60, Н – 50, Һ – 5. Жинақтасақ:

60 + 50 + 5 = 115 = 1 + 1 + 5 = 7.

Жеті – жаратылыстың ішкі жүйесі, құрылымы. Жыл сөзінің жеті санын көрсету себебі, жаратылыс жүйесінің бір тармағына жататындығы. Тірек сөз болып табылатын – мәдхіңа – мадақ, мақтау деген мағынаны береді (Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы. – Алматы: Ғылым ордасы, 2014. – 104-б.). Әбжадтың мәні: М – 40, Д – 4, А – 1, Х – 8. Қосындысын шығарайық:

40 + 4 + 1 + 8 = 53 = 5 + 3 = 8.

Сегіз саны іздену әрекетін бейнелейді. Сонда жолдың мағынасы: «Жыл сайын мадақтауымды іздену арқылы арттыра бердім» болып шығады.

Бесінші жол. «Жем – Жамалың қандай ақ рузи маған». Жем, яғни, Ж дыбысының әбжадтағы мәні – 3. Ол – қозғалыс, даму мағынасын береді. Жолдың мәні жамал және рузи сөздеріне негізделген.

Жамал – араб сөзі – қазақша аудармасы сұлулық, көркемдік мағынасын береді (Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 264-б.). Әбжадтағы мәні: Ж – 3, М – 40, А – 1, Л – 30. Қосындысын шығарсаң:

3 + 40 + 1 + 30 = 74 = 7 + 4 = 11 = 1 + 1 = 2.

Екі – жаратылыс ұғымын береді. Рузи парсы сөзі, қазақша мағынасы – сыбаға несібе (Оңдасынов Н.Д. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 384-б.). Сандық мәні: Р – 200, У – 6, З – 7, И – 10. Жинақтасақ:

200 + 6 + 7 + 10 = 223 = 2 + 2 + 3 = 7.

Жеті – жаратылыс жүйесі. Екінің түсі аққа тән. Себебі, ақ – бардың көруге болатын нұсқасы, ал, қара – жоқтың не білгісіздіктің нышаны. Сонда, жамалың деген сөздің баламасы ақиқаттығың дегенмен мәндес. Оған жетіні тіркестірсек: «Жаратылыстағы ең ақ, анық екендігің маған мәлім» болып шығады.

Алтыншы жол. «ХА – Халаллық таппадым жаным сәнан». Х дыбысының сандық мәні – 8. Мағынасы үздіксіз іздену, талаптану, ұмтылу. Балгерлер құмалақ ашқанда тігінен сегіз түсетін болса, «сегіздің сергелдеңі» деп атайды. Ол жанталасқан ізденісті аңғартады. Ықпал түсіп тұрған сөз – халлалық. Халал сөзінің әбжадтық мәні Х – 8, Л – 30, А – 1, Л – 30. Барлығы:

8 + 30 + 1 + 30 = 69 = 15 = 6.

Алты – Құрандағы сүрелер жиынтығы, танымның ақиқатын аңғартады. Сонда, өлең жолының мағынасы «Қанша іздесем де, Құраннан артық еш нәрсе таппадым» болады.

Жетінші жол. «Хи-Халайық мен емес бәрі ынтызар». Х дыбысының мәні – 600, түбірі – 6. Құран Кәрімде 6 666 аят, 114 сүре бар. Бұл сандардың жиынтығы алтыны береді:

6 + 6 + 6 + 6 = 24 = 2 + 4 = 6.

сондай-ақ:

1 + 1 + 4 = 6.

Яғни, алты Құранның ақиқаттық танымы. Жолдың тірек сөзі – ынтызар. Әбжадтық мәні: Н – 50, Т – 400, З – 7, Р – 200, жинақтасақ:

50 + 400 + 7 + 200 = 657 = 6 + 5 + 7 = 18 = 1 + 8 = 9.

Тоғыз – жаратылыстағы ең жоғарғы биіктік. Сонда жолдың мағынасы: «Құран Кәрімді оқып-үйренуге барлығы ең жоғарғы деңгейде ынталы» дегенді аңдатып тұр.

Сегізінші жол. «Дәл – Дариға ғашық оты бермес аман». Д дыбысының мәні – 4. Мағынасы – бағыт-бағдар, тарап. Жолдың екпіні ғашық сөзінде, сандық мәні Ғ – 70, А – 1, Ш – 300, Қ – 100, қосындысы:

70 + 1 + 300 + 100 = 471 = 12 = 3.

Д дыбысының таңбалануында да мән бар. Латын графикасындағы таңбасы – D. Бұл сурет сүңгуір қайықтың тұмсығы тәрізді, жаратылыстағы төрт тарап бойынша тоқтаусыз қозғалыс бағытын аңдатады. Егер алдындағы тұйықтап тұрған тік сызықты алып тастасақ, араб графикасындағы таңбасы шығады: د. Алғашқы қосынды – 471, оңай сан емес. 4 – бағыттар, 7 – жаратылыс жүйесі, 1 – Жаратушы: «Барлық бағыттар бойынша, жаратылыстың аясында, Жаратушыма». Екінші қосынды – 12: «Өмірім жеткенше жылдар бойына» (12 – жылдағы ай саны). Соңғы қосынды – 3. «Тоқтаусыз қозғалыс». Жолдың мәні: «Барлық тарап бойынша» болып шығады.

Тоғызыншы жол. «Зәл-Зәлиллік көрген соң сайрай бер тіл». З дыбысының сандық мәні – 700, түбірі – 7. Жолдағы екпін зәлиллік және тіл сөздеріне түсіп тұр. Зәлил сөзінің сандық мәні – З – 700, Л – 30, И – 10, Л – 30, жинақтасақ, 700 + 30 + 10 + 30 = 770 = 14 = 5. Бұл сөздің екі түрлі ұғымы бар. Алғашқысы – қорлық, екіншісі – бас ию, мойын ұсыну (Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 264-б.). Тіл сөзінің түбір саны жеті екендігін айтқанбыз. Жол мағынасы «Сынақ өмірдің өткінші екенін көріп, мойындаған соң шамаң келгенше айтып қал» болып келеді.

Оныншы жол. «Ре – Риза қылмағыңды яр өзің біл». Р дыбысының сандық мәні – 200. Екпін түскен риза сөзінің әбжадтағы ұстанымы Р – 200, З – 800, А – 1, қоссақ:

200 + 800 + 1 = 1001 = 2.

Екі саны – жаратылыс, ал алдыңғы қосынды мың бір – Жаратушы жаратты, Жаратушыға қайтады, себебі, ол – жаратылыс дегенді аңдатып тұр. Яғни, «Сынақ өмірде Жаратушының ұсынған жолын ұстануың өзіңе байланысты» деген мағынаны сездіріп тұр.

Он бірінші жол. «Зи – Зәһәрдай күйдірді ғишқың қатты». З дыбысының мәні – 7. Мұндағы екпін зәһәрдай және ғишқың сөздерінде тұр. Зәһар – парсы сөзі мағынасы ұлы зат және қайғы-қасірет (Оңдасынов Н.Д. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 384-б.). Әбжадтағы сандық мәні: З – 7, Һ – 5, Р – 200. Қосындысы:

7 + 5 + 200 = 212 = 2 + 1 + 2 = 5.

Ғишқы сөзінің түбірі – ғашық, сандық мәні – үш, яғни, қозғалыс, немесе, маза таппау. Сонда, жолдың мағынасы: «Дұрыс жолдың қатты әсері маза таптырмады» болып шығады.

Он екінші жол. «Сын – Сәләмат қалмағым болды мүшкіл». С-ның сандық көрсеткіші – 60. Түбірі – 6. Екпін түскен сөз – сәләмат. Мағынасы – есендік, әбжад мәні – С – 60, Л – 30, М – 40, Т – 400, жинақтасақ:

60 + 30 + 40 + 400 = 530 = 8.

Сегіз саны – ізденіс. Сонда жолдың мағынасы: «Ақиқатты тану жолына ізденбей, жағдайым жақсы болмайды» дегенге саяды. Ақиқатты тану дегеніміз Құран Кәрімді оқып-үйрену болып табылады».

Он үшінші жол. «Шин – Шикәрләб есіме түскен сайын». Ш дыбысының сандық мәні – 300, түбірі – 3. Жолдың екпіні шикарләб сөзінде. Ақынның шығармалар жинағында бұл сөздің парсынікі екенін айта келеді де, шикар – тәтті, ләп – ерін деп аударады. Аударманың дұрыс екендігі анық. Осы орайда біз екінші өзгеше нұсқаны ұсынғалы отырмыз. Яғни, шикарләб деген сөз шекерлеп, тәттілеп дегенді аңғартуы да мүмкін. Онда шикәрдің мәні – Ш – 300, И – 10, К – 20, А – 1, Р – 200, жинақтап, бір таңбалы санға келтіргенде:

300 + 10 + 20 + 1 + 200 = 531 = 9

болып шығады. Сонда жолдың мағынасы «Жетілудің ең жоғарғы биігінің тәтті дәмін татқан сайын» болады.

Он төртінші жол. «Сат – Сабырым қалмады мен не әйләйін». С-ның мәні – 90, түбірі – 9. Тұғыр сөз – сабыр. Сандық мәні: С – 90, А – 1, Б – 2, Р – 200, барлығы:

90 + 1 + 2 + 200 = 233 = 14 = 5.

Жолдың мағынасы «Биікке шығуға өмірім жетер емес».

Он бесінші жол. «Зат – Зайығ өмірім өтті менің бекер». З-ның мәні – 800, түбірі – 8. Бұл дыбыстың бір ерекшелігі, дыбыстағанда тілдің ұшы астыңғы және үстіңгі тістердің арасында қысылып тұрып айтылады. Сондықтан, кейбір сөздіктерде Д деп те келтіріледі. Бұл жолда екпін өмірге түсіп тұр. Өмір – ғұмырдың сандық мәні Ғ – 70, М – 40, Р – 200, қосқанда:

70 + 40 + 200 = 310 = 4.

Төрт дегеніміз бағыт-бағдар мақсатында ұмтылу. Ал, зайғ сөзінің мәні: З – 800, И – 10, Ғ – 70, мағынасы – құр, босқа, жинақтасақ:

800 + 10 + 70 = 880 = 16 = 7.

Жолдың мағынасы: «Сынақ өмірдегі барлық бағытым босқа өтіп барады».

Он алтыншы жол. «Тай – талаптан әйтеуір құр қалмайын». Т-ның сандық мәні – 9. Тірек сөз – талап, қазақша мағынасы – іздену, оқу, білім үйрену (Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 264-б.). Әбжад бойынша сандық мәні: Т – 400, Х – 30, Б – 2. Жинақтайық:

9 + 30 + 2 = 41 = 4 + 1 = 5.

Бес – сынақ өмір кезеңдері, яғни, осы өмірдегі жақсылыққа жол салу. Жолдың мағынасы: «Мақсатқа жету үшін сынақ өмірде оқу, білім жолынан ауыспайын» дегенге келеді.

Он жетінші жол. «Зай – Залым көк қылыш боп жанға оқталды». З-ның мәні – 900. Түйін сөз – залым. Қазақша мағынасы – мейірімсіз, қысым көрсетуші (Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 264-б.). Әбжадтағы сандық мәні: З – 900, А – 1, Л – 30, М – 40. Қосындысы:

900 + 1 + 30 + 40 = 971 = 9 + 7 + 1 = 17 = 1 + 7 = 8.

Сегіз саны – ізденіс. Сонда жол мағынасы: «Ізденістің қиындығы, ауыртпалығы жанымды қинады» болып келеді.

Он сегізінші жол. «Ғайін – Ғақлымды басымнан тартып алды». Ғ-ның мәні – 70, түбірі – 7. Тірек сөз – ғақл. Ғақылдың сандық мәні үш дыбыстан тұрады: Ғ – 70, Қ – 100, Л – 30. Қосындысын шығарсақ:

70 + 100 + 30 = 200 = 2 + 0 + 0 = 2.

Яғни, ғақыл (ақыл) да – жаратылыс. Сонда жолдың мағынасы: «Ақыл да жаратылыс болғандықтан шатасуға тап бола бердім» дегенге келеді.

Он тоғызыншы жол. «Ғайын – Ғармблік басыма түскеннен соң». Ғ-ның сандық мәні – 1000. Бұл дыбыстағы ең соңғы өлшем. Жол екпіні ғариб деген сөзде тұр. Сандық мәні – Ғ – 1000, Р – 200, И – 10, Б – 2, жинтығы:

1000 + 200 + 10 + 2 = 1212 = 6.

Осы жерде айта кететін мәселе, қазақ тілінде бұл сөздің мағынасы бейшара сөзімен мәндес болып келеді. Негізінде бұл араб сөзі аудармасы ерекше, айрықша, өзгермейтін, ғажап дегенге саяды. Анығында әбден дінге берілген, өзге нәрсеге назар аудармайтын, дүние байлығын қажет етпейтін адам (фанат). Жолдың мағынасы: «Дінді тану жолына түскендіктен» болып шығады.

Жиырмасыншы жол. «Фи – Файдаң тие ме деп жаза салды». Ф-ның мәні – 80, түбірі – 8. Тірек сөз – файда. Сандық мәні – Ф – 80, А – 1, И – 10, Д – 4 Һ – 5, жинақтасақ:

80 + 1 + 10 + 4 + 5 = 100 = 1 + 0 + 0 = 1.

Бір саны – Жаратушыны аңғартады. Сонда жолдың мағынасы: «Осы ізденісімді Жаратушыдан жарылқау тілеп жазып отырмын» болып шығады.

Жиырма бірінші жол. «Қаф – Қабыл болар ма екен жазған хатым». Қ-ның әбжадтық мәні – 100. Түбірі – 1. Тірек сөз – қабыл. Сандық мәні – Қ – 100, А – 1, Б – 2, Л – 30, жинақтағанда:

100 + 1 + 2 + 30 = 133 = 7.

Жолдың мағынасы: «Жаратушым жазғанымды мақұл көрер ме екен?»

Жиырма екінші жол. «Каф – Камил ақылың асыл затым». К-ның мәні – 20. Түбірі – 2. Тірек сөз – камил, сандық мәні К – 20, А – 1, М – 40, Л – 30. Жинақтасақ:

20 + 1 + 40 + 30 = 91 = 10 = 1.

Сөздің қазақша мағынасы – толық, кемел дегенге келеді. Жолдың мағынасы: «Жаратушының берген ақылы – баға жетпес байлығым» болып келеді.

Жиырма үшінші жол. «Ләм – Ләбіңнен ем қысаң мен дерттіге». Л-ның мәні – 30, түбірі – 3. Тірек сөз – ләбіңнен, сандық мәні – Л – 30, А – 1, Ф – 80, қосындысы:

30 + 1 + 80 = 111 = 3.

Мағынасы – таза, кіршіксіз дем, үн (Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 264-б.). Нақтырақ айтқанда ият, сүрелерді оқып жүретін, жағымсыз сөздерді айтпайтын адамның демі. Жолдың мағынасы: «Дамуымды арттыру арқылы мақсатыма жеткізсең» дегенді аңдатады.

Жиырма төртінші жол. «Мен – Меһіріңнен қалмас ед бар апатым». Түбірі – 4. Тірек сөз – меһіріңнен. Меһрдің сандық мәні – М – 40, Һ – 5, Р – 200, жинағы:

40 + 5 + 200 = 245 = 11 = 2.

Жолдың мәні: «Ықыласыңнан жаратылыстағы барлық қиыншылығым жойылар еді».

Жиырма бесінші жол. «Нон – Нала қып, қайғыңмен күйдірдің көп». Дыбыстың әбжадтық саны – 50. Араб алфавитінде жиырма бесінші әріп, кәдімгі Н дыбысындай жасалып, үн береді. Жолдың тірек сөзі – нала. Сандық мәні: Н – 50, Л – 30, жинақтағанда:

50 + 30 = 80.

Түбірі – 8, жолдың мәні: «Танымсыз ізденістен сары уайымға салындым».

Жиырма алтыншы жол. «Уау – Уайлана ғыйшқың уайым жеп». Дыбыстың мәні: У – 6, араб алфавитіндегі жиырма алтыншы әріп, кәдімгі У тәрізді дыбысталады. Жолдың тірек сөзі – уайлана. Қазақша мағынасы – қайғы, қасірет (Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 264-б.). Сандық мәні: уәйл – У – 6, И – 10, Л – 30, жинақтағанда:

6 + 10 + 30 = 46 = 10 = 1.

Жолдың мәні: «Жаратушыға деген махаббатының беріктігінен уайымға түсу».

Жиырма жетінші жол. «Һи – Һеш пайдаң тимесе, өлді ойлаңыз». Дыбыстың мәні: әбжадтың мағынасы Һ – 5, араб алфавитінде жиырма жетінші әріп, көмекейден бүлкілдеу арқылы шығатын дыбыс. Тірек сөз: еш пайдаң. Файданың сандық мәні: Ф – 80, А – 1, И – 10, Д – 4, Һ – 5 (файдаһ), жинақтасақ:

80 + 1 + 10 + 4 + 5 = 100 = 1.

Һеш сөзі Һ – 5, Ш – 300, қосындысы сегіз – үздіксіз ізденіс. Жолдың мәні: «Жаратушы қаламаса, ізденісің бос әуре болады».

Соңғы жол. «Я – Ярым қалай болар жауап сөзің?». Дыбыстық мәні әбжад бойынша: И – 10, араб алфавитінде, жиырма сегізінші, соңғы әріп, кәдімгі И тәрізді дыбысталады. Тірек сөз: Ярым (жарым, досым), сандық мәні: И – 10, А – 1, Р – 200.

10 + 1 + 200 = 211 = 4

Хакімнің Мим деп айтылатын дыбысты Мен деп алып отырған себебі әбжадтық мағынасына байланысты. Мимнің сандық мәні – 40. Ол – адамның жаратылу мерзімі. Сонда мен деген адам деген сөздің сандық мәні арқылы танып, соны меңзеп тұр. Төрт саны бағыт, тарап ұғымын береді. Осы негізді басшылыққа алсақ, жолдың мағынасы: «Менің осы өлеңіме қай бағыт бойынша пікір айтасың?» болып шығады.

Аталған өлеңде Құран жазуын танып, оқуға қатысты арнайы белгілерді де назардан тыс қалдырмаған. Мәселен, «мәт-қасың» дегенде созылып оқылатын әлиф, иа, уау дыбыстарын аңғартып тұр, қабақтағы созылып жатқан қаспен байланыстырған. Өйткені, мәд белгісі созылып оқылатын дыбыстарды аңғартады. Немесе, «сенің – көзің» деп әріптің алдыңғы әріпке жалғасып тұратындығын көрсететін, дөңгеленіп белгіленетін таңбаны көз тәрізді болғандықтан соған сәйкестендіріп алған. Ал, үтір асты-үсті дегені де оқылуға қажетті таңбалар. Мәселен, б дыбысының үстіне сызықша қойылса бә деп, астына қойылса би деп, үстіне үтір қойылса бу деп оқылады. Өлеңнің тірегі – «Алладан басқа құдай жоқ» деген аятқа негізделген. Ақын өзінің Құран Кәрімдегі қолданылған жиырма сегіз әріпке деген ықыласын көрсете отырып, олардың мән-мағынасын айқындау жолына еңбек еткен. Негізінде, бұл өлеңнің мәні өте терең, сан салалы қырлары бар. Оны анықтау үшін жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдарды толық меңгеру қажет, сонда ғана сырын ашуға талаптануға болады. Туынды Абайдың туа біткен ерекше дарын иесі екендігін аңдатады.

Мұхаммадғали ӘБДУОВ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

● ТРЕНИНГ

Келелі кездесу

Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай, Приозерск қаласы мәслихатының акт залында ерекше мазмұнға толы, рухани һәм заманауи бағыттағы маңызды іс-шара өтті. «Алаш Орда көшбасшыларының, Қазақтың би-шешендерінің мұрасы» атты лекторий мен «Жаһандық құзыреттіліктер және медиасауаттылық» тақырыбында өткен тренингке Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы, Қарағанды облысы кәсіпкерлер қауымдастығы және Приозерск қаласы әкімдігі қолдау білдірді.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шараның негізгі мақсаты – қатысушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру, ұлттық шешендік өнер мен Алаш қайраткерлерінің рухани-мәдени мұрасын зерделеу, сонымен қатар, қазіргі ақпараттық кеңістікте медиасауаттылықты қалыптастыруға ықпал ету болды.

Лекторийді Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зеріттеу университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, әдебиеттанушы ғалым Жандос Смағұлов жүргізді. Ғалым қазақ шешендік өнерінің тарихи, мәдени және тілдік ерекшеліктеріне кеңінен тоқталып, бұл өнердің бүгінгі қоғам үшін де маңызын нақты мысалдармен түсіндіріп берді. Алқалы жиында дұрыс және түсінікті сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту, қоғамда белсенді азаматтық позицияны ұстану мәселелері де қамтылды.

– Бүгінгі басқосу барысында әр қатысушы қазақ би-шешендерінің ел басқару ісіндегі орны, дәстүрлі құқық жүйесіндегі шешендік сөздің маңызы туралы, сондай-ақ Алаш зиялыларының әдеби-ғылыми еңбектерінен құнды мәліметтер алды деп ойлаймын. Сонымен қатар, бүгін «Жаһандық құзыреттіліктер және медиасауаттылық» тақырыбындағы тренинг – бүгінгі цифрлық дәуірде медиа құралдарын қауіпсіз әрі тиімді пайдалану мәселелерін көтерді. Тренинг кезінде қатысушылар фейк жаңалықтарды тану, интернеттегі манипуляциядан қорғану, жеке деректердің қауіпсіздігі және киберқауіпсіздік тақырыптарында білім алды. Бұл бастамалар жастардың рухани және зияткерлік әлеуетін арттыруға, тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталып отыр, – деді «Қарағанды облысы кәсіпкерлерінің ассоциациясы» ҚБ атқарушы директоры Серік Санаубаев.

Шара соңында қатысушылар ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, мұндай рухани-ағартушылық жобалардың өңірде жиі өткізіліп тұруының маңыздылығын атап өтті.

ПРИОЗЕРСК

Сурет ұйымдастырушылардан

«Өлең – сөздің патшасы...»

Қастерлі Қарқаралы қаласында ұлы ойшыл, ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына және Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай Ш.Жандарбекова атындағы Мәдениет үйінде «100 өлең» атты облыстық байқау ұйымдастырылды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Абайдың асыл мұрасын, ұлт руханиятына қосқан өлшеусіз үлесін айшықтауға бағытталған байқауға облыстың әр қиырынан келген өнерлі жастар қатысып, ұлы ақынның өлеңдерін жатқа оқып, сөз өнеріне деген құштарлықтарын паш етті.

Байқаудың ашылу салтанатында Қарқаралы ауданының әкімі Әділжан Арғынұлы сөз сөйлеп, жырсүйер халыққа жылы лебізін білдірді.

Додаға түсушілердің өнеріне баға берушілердің қатарында белгілі ақын, қазылар алқасының төрағасы Руслан Нұрбай, аудан әкімінің орынбасары Нұржан Илияш, ақын Сұлтан Дәулетханұлы, «Қарқаралы» газетінің редакторы Құрманғазы Өтебай және республикалық, облыстық Абай оқуларының бірнеше дүркін жүлдегері Айнұр Топаева қазылық етті. Қазылар Абай өлеңдерін жатқа оқыған өнерпаздардың тіл тазалығы, мәнерлеп оқу шеберлігі мен сахналық мәдениетіне жіті назар аударды.

Сахна төрінде тек өлең оқылмады, ақынның ғибратты қара сөздері негізінде жүйеленген қойылым сахналанды. Сонымен қатар, мәдени-сауық орталығының өнерпаздары мен «Қайран жастық» ардагерлер ансамблі әсем ән орындап, көпшіліктің қошеметіне бөленді.

Байқау қорытындысы бойынша бас жүлдені 500 мың теңге қаржылай сыйақыны Қарқаралы қаласының намысын қорғаған Нұртай Айсұлу иеленді. Ал, бірінші орын – 300 мың теңгелік жүлдені Қарағаш ауылынан келген Дүйсен Абылай қанжығалады. Екінші орынды қарағандылық Мәриям Ахметбек пен Ақшархат Эшкупова бөліссе, үшінші орынды Ақтерек ауылынан Төлеген Балым және Қарабұлақ ауылынан Әлия Біржанқызы еншіледі. Олар да 200 мың және 150 мың теңгелік жүлдеге ие болды.

«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған?» демекші, шынымен Абай қалдырған өлмес сөз – ұрпақ жүрегінде мәңгі жаңғырып, ел руханиятымен бірге жасай берері анық.

Сурет ұйымдастырушылардан

● ИМАН

Жәннатқа шақырған жат ағым

Тәуелсіздік алған жылдардан бері қазақ қоғамына бұрын түр-түсін көріп-білмеген талай жат ағым қаптап еніп кетті. «Жәннатқа барудың жолын көрсетемін» деген желеумен қаншама жанның миын улап, жат идеологияның құрбанына айналдырды. Оның соңы қандай оқиғалармен аяқталғанын бәріміз білеміз. Сондай қатерлі ағымның бірі – тақфиризм.

Тақфиризм – дәстүрлі исламның асыл құндылықтарына қайшы келетін, қоғамның ынтымағы мен бірлігін бұзуға бағытталған радикалды идеология. Бұл ағым – діни экстремизмге бастайтын ең қатерлі соқпақтың бірі.

Тақфиршілердің басты ерекшелігі – өз сенімін ұстанбайтын мұсылманды «кәпір» деп жариялап, оған қарсы әрекетті «жиһад» деп бұрмалап түсіндіруінде. Олар ата-бабамыздан жеткен асыл дәстүрді мойындамай, мәзһаб ұстанушыларды адасқан деп айыптайды. Құран сүрелерін қабір басында оқу, марқұмға Құран бағыштау, Пайғамбар мәулітін атап өту секілді ізгі амалдарды «дінге енгізілген жаңалық» деп теріске шығарады. Мұндай көзқарас – іштей алауыздық тудырып, халықтың рухани бірлігін шайқалтудың ең төте жолы.

Тақфиризмнің ең қауіпті тұсы – адамның ең жақын туыстарының арасына сына қағып, оларды бір-біріне жат қылып, жауластыруында. Бұл идеологияға ергендер тіпті ата-анасын да «дінсіз» деп атаудан тайынбайды. Соның салдарынан отбасының берекесі кетіп, ұрпақ ұлттық тамырынан ажырап қалады.

Бұл – діни сауатсыздықтың, рухани адасудың анық көрінісі. Онымен күресу тек дін мамандарының ғана емес, тұтас қоғам мен мемлекеттің ортақ міндеті. Өйткені жат ағымдар – елдің ертеңі болатын жастардың санасын улап, оларды өз ұлтына, дәстүріне, Отанына қарсы қояды.

Жастарға дұрыс діни білім беріп, салт-дәстүрімізбен суарылған тәлім-тәрбие ұсыну – ең басты міндеттің бірі. Тарихын құрметтеген, тағылымын ұмытпаған ел ғана баянды болашаққа қадам баса алады.

Жасұлан БАҚЫТБЕК
Kazislam.kz

д

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д

«Qarmet» компаниясы Ермек Амантайұлы Алпысовқа анасы
Дәметкен Ғаббасқызы БАТАЛОВАНЫҢ
мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты қайғыра көңіл айтады. Марқұмның жарқын бейнесі мен жақсы істері оның туыстары мен жақындарының жүрегінде мәңгі сақталарына сенім мол. Иманы жолдас болсын!

№ 304

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

Отчет ТОО «AlemGaz» об исполнении тарифной сметы за 1-е полугодие 2025 года

Характеристика компании

ТОО «AlemGaz» зарегистрировано в качестве хозяйствующего субъекта 14.10.2005 года и приступило к деятельности на рынке газоснабжения г. Караганды с января 2006 года. Приказом ГУ «Управления по тарифам Карагандинской области» № 32-ОД от 15.02.2006 г. включено в местный раздел Государственного регистра СЕМ. Компания обслуживает:

Адрес	Кол-во ГРУ	Газопроводы всего, пм
Ленинский район	118	36 346
Советский район	101	28 633
Октябрьский район	40	14 592
Кировский район	2	754
Железнодорожный р-н	15	7 137
Всего по Караганде	276	87 462

«Утвержденный тариф на 5 лет / ВКТ с 01.10.2023 по 01.10.2024, тенге/кг»	Принято в ТС на 2025 год, тенге/кг	Объем оказываемых услуг в ТС, тыс. кг	Фактический объем оказываемых услуг, тыс. кг
83,2-79,86	93,02	2 549,79	2 395,18

Основные финансово-экономические показатели

Наименование показателей	1 п-е 2025 год
Коэффициент автономии (СК/СА)	0,29
Коэффициент рентабельности продаж.	0,29
Рентабельность по чистой прибыли.	0,03
Коэффициент оборачиваемости ДЗ в днях.	62,20
Коэффициент оборачиваемости КЗ в днях.	3,90
Коэффициент текущей ликвидности	1,41
Коэффициент быстрой ликвидности	1,36

Постатейное исполнение тарифной сметы, тыс. тенге

Наименование показателей	Утверждено в тарифе	Факт 1 п-е 2025 год	отклонения в %
Затраты на производство товаров и предоставление услуг всего	224 209,13	115 853,98	-48%
Материальные затраты	13 353,57	5 925,39	-56%
Затраты на оплату труда ППП и налоги	161 421,55	92 199,44	-43%
Амортизация основных средств	6 490,97	1 332,58	
Ремонт	15 456,30	1 527,38	-90%
Услуги сторонних организаций производственного характера	16 735,22	5 184,73	-69%
Прочие затраты	10 751,52	9 684,46	-10%
Расходы периода, всего	12 960,23	7 371,37	-43%
Затраты на оплату труда АУП и налоги	12 960,23	7 371,37	-43%
Амортизация		22,60	
Налоговые платежи и сборы	261,63	0,00	-100%
Командировочные расходы		26,94	
Коммунальные услуги	31,15	17,65	-43%
Услуги связи	117,15	83,95	-28%
Услуги банка	520,61	128,86	-75%
Другие расходы	1 944,75	1 870,67	-4%
Всего затрат	237 169,36	123 225,35	-48%
Прибыль		-31 808,41	
Всего доходов	237 169,36	91 416,94	-61%
Объем оказываемых услуг, тыс. кг	2 549,79	1 144,72	-55%
тыс. тенге	237 169,36	91 416,94	-61%
Тариф (цена, ставка сбора) (без НДС), тенге/кг	93,02	107,65	16%

Справочно:

среднесписочная численность работников всего, человек	68	58	-10
производственного персонала	64	58	-8
административного персонала	4	2	-2
Среднемесячная заработная плата всего, тенге	188 348	246 367	58 019
производственного персонала	188 348	241 563	53 214
административного персонала	188 348	380 900	192 551

Исполнение ремонтной программы

Утверждено в тарифной смете, тыс. тенге	Факт 1 п-е 2025 год, тыс. тенге	Отклонение %
15 456	1 647	89%

Наименование видов ремонтов	Факт за 1 п-е 2025 год	В т.ч. транспортировка газа через ГРУ
Материалы для текущего ремонта автомашин	68 968	22 473
Обслуживание ВДГО (материалы)	531 998	531 998
Рем.-сервисное обслуживание машин	1 095 219	191 445
Ремонт ГРУ (материалы)	517 122	517 122
Ремонт баллонов (материалы)	102 097	15 315
Ремонт оборудования (материалы)	19 284	2 893
Ремонт оборудования ГНС (материалы)	1 948 090	292 213
Ремонт цехов (материалы)	176 342	26 451
Ремонт измерительных приборов	124 000	18 600
Ремонт оргтехники	190 500	28 575
Всего, тенге:	4 773 619	1 647 085

Информация о реализации инвестиционной проекта за 1 п-е 2025 года в разрезе источников финансирования, тыс. тенге

Наименование мероприятий	Ед.изм.	Количество	Сумма инвест-программы		Собственные средства
			План	Факт	Амортизация
Приобретение УАЗ -390995-4552-04	единица	1	6 491		6 491
Капитальные ремонты увеличивающие стоимость	установка	1	1 834		1 834
Итого;			8 325		8 325

Отчет о прибылях и убытках

Наименование показателей	Код строки	За отчетный период	За предыдущий период
Выручка	010	992 172	1 007 151
Себестоимость реализованных товаров и услуг	011	705 390	732 703
Валовая прибыль	012	286 782	274 448
Расходы по реализации	013	229 731	207 962
Административные расходы	014	45 497	53 601
Итого операционная прибыль (убыток)	020	11 554	12 885
Прочие доходы	024	15 559	10 815
Прочие расходы	025	619	976
Прибыль (убыток) до налогообложения (+/- строк с 020 по 025)	100	26 494	22 724
Расходы (-) (доходы (+)) по подоходному налогу	101		11 959
Прибыль (убыток) после налогообложения от продолжающейся деятельности (строка 100 - строка 101)	200	26 494	10 765
Прибыль за год (строка 200 + строка 201) относимая на:	300	26 494	10 765
Общий совокупный доход (строка 300 + строка 400)	500	26 494	10 765

№144

180 домбыра күмбірлеп...

1-10 тамыз аралығында облыста қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойымен сабақтастырып, мәдени онкүндік жоспарланған. Мерейтой қарсаңында Абай қаласының орталық алаңында 180 домбырашы бір мезетте күй орындады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Абай қаласының орталығында «Ұлы даланың ұрпақтары» атты ауқымды флешмоб өтті. Музыкалық көріністің мерейін арттырған домбырашылар ақын рухына осылайша тағзым етті.

Мерекелік шараға тек қала тұрғындары ғана емес, Абай ауданына қарасты ауылдық елдімекендерден де өнерпаздар келіп қатысты. Домбырашылардың арасында кәсіби күйшілермен қатар, түрлі сала мамандары, мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттері де бар.

Мәдени іс-шараны ұйымдастырушылардың бірі, жергілікті халық театрының жетекшісі Динара Жұмағұлованың айтуынша, бастаманы аймақ жұртшылығы ыстық ықыласпен қабылдаған.

– Абайдың мерейтойына орай 180 домбырашыны жинау оңайға түспеді. Әуелде күмән болғанымен, нәтижесінде біз діттеген мұратымызға жеттік. Бұл – қажырлы еңбектің, ұйымшылдықтың арқасы, – дейді Динара Жұмағұлова.

Флешмобқа қатысушылардың бірі – Южный кентінен келген Әсел Қайырбекова. Домбыраны бала кезінен серік еткен бойжеткен өңірдегі барлық маңызды мәдени шараларға белсене қатысып келеді.

– Домбыра – бағзыдан келе жатқан қастерлі аспап. Бала күнімнен қолымнан түскен емес. Абай қаласындағы бұл шараға арнайы келдім. Бұған дейін де «Домбыра» күніне арналған бірнеше іс-шараларға қатыстым. Ұлттық өнерді ұлықтауды ұлағатты іс деп есептеймін, – деді ол.

Аймақта Абайдың 180 жылдық мерейтойына арнап, шығармашылық кештер, көрмелер, зияткерлік сайыс және өзге де іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр. Онкүндік Абай ескерткішіне гүл шоғын қою және мерейтойға арналған байқаулардың жеңімпаздарын марапаттау рәсімімен қорытындыланады.

● БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Бірлігі жарасқан жамағат

Мешіт жамағатының ұйымшылдығы – қоғамдағы мейірімділік пен адамдардың бір-біріне қолдау білдіруінің жарқын үлгісі. Қарағанды қаласы мешіттерінің жамағаты арасында өткен «Теңбіл доп-2025» турнирінен осыны аңғардық.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірлігі жарасқан жамағат саламатты өмір салтын насихаттай отырып, жастарға үлгі болды. Жамағаттың бірлігін нығайту мақсатында жүзеге асырылған додаға облыстың бас имамы Естай Айтуғанұлы бастаған аймаққа қарасты мешіттер арасынан он екі команда жасақталды.

Тартысты өткен аяқдоп бәсекесі өте тартысты әрі қызықты өтті. Турнирде I орынды «Төлеби» мешіті (200 000 тг) жеңіп алды. II орын «Аль-Ғаффар» мешітіне (100 000 тг) бұйырса, III орынды «Қамзе ата» мешіті (50 000 тг) місе тұтты. Сайыста Рүстем Раббаев «Үздік қақпашы» атанса, «Үздік қорғаушы» аталымында Дәуіржан Бақыт марапатталды.

Ойындағы «Үздік шабуылшы» Мерей Қойшыбаев деп танылса, ал үздік ойыншы аталымы Бақытжан Ахметовке бұйырды.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін турнир бірлікті ту етіп, бауырмалдықтың ерекше үлгісін көрсетті. Дін қызметкерлері аяқдоп турнирлері қоғамда, әсіресе, жамағат арасында саламатты өмір салтын насихаттайтынын тілге тиек етті.

Суретті түсірген
Мухаммад МҰХИТДИНОВ

● ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Тұғыр – төзімдінікі

Алматы облысындағы Олимпиадалық даярлау орталығында жеңіл атлетикадан Орталық Азиядағы ең ірі жарыстардың бірі – Ғұсман Қосановты еске алуға арналған XXXIV халықаралық турнир өтті. Биылғы жарысқа 17 елден 214 спортшы қатысып, өзара кіл мықтыны анықтады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облысымыздың намысын 11 спортшы қорғады. Олардың оны Жоғары спорт шеберлігі мектебінің тәрбиеленушілері, ал, біреуі Әлия Молдағұлова атындағы мектеп-интернатының оқушысы. Облыс құрамасы жарысты жоғары нәтижемен аяқтап, 1 алтын, 7 күміс және 5 қола медаль жеңіп алды.

Бұл турнир – күзде Жапонияда өтетін әлем чемпионаты алдындағы маңызды рейтингтік жарыстардың бірі. Мұнда жиналған ұпай саны жерлестеріміздің әлем біріншілігіне қатысу мүмкіндігін арттырады.

– Қарағандылық спортшылар өте жақсы нәтиже көрсетті. Облыста жеңіл атлетика тұрақты түрде жанданып келеді. Биыл біз Қазақстанның Жастар ойындарында қатарынан төртінші рет чемпион атандық, – деді Қарағанды облысының аға жаттықтырушысы Андрей Агеев.

Бапкердің айтуынша, мемориалда Аделина Земс ерекше көзге түсті. Ол сайыстың екі түрінен бірінші және екінші орындарды жеңіп алды, сондай-ақ, 400 метрге кедергілер арқылы жүгіруде күміс медаль иеленді. Осылайша, әлем чемпионатына жетпей тұрған рейтингтік ұпайларын толықтырды. Алда жерлесімізді Ташкент пен Словакиядағы жарыстар күтіп тұр. Осы бәсекелерден кейін оның әлем біріншілігіне жолдама алатыны анықталмақ.

Әлемдік додаға қатысу мүмкіндігін Мария Ефремова да иеленді. Ол үш рет секіру және эстафетадан екі күміс медальға қол жеткізді.

Жарыстың ең жас қатысушысы – 18 жастағы Милана Зубарева. Ол 400 метр қашықтықта күміс жүлдегер атанып, жеке рекордын жаңартты. Бұған дейін Милана Азия чемпионатында екі мәрте жүлдегер атанды.

Сондай-ақ, жүлдегерлер қатарында Виталий Земс, Алина Чистякова, Евгений Прокудин және Валерия Сафонова бар.

Ғұсман Қосанов атындағы сайыс – World Athletics Continental Tour Bronze деңгейіндегі халықаралық турнир. Ол осы жеңіл атлетика сайысынан осы маусымдағы маңызды кезеңдердің бірі.

Әйгілі Ғұсман Қосанов – КСРО-ның бірнеше дүркін чемпионы, 1960 жылы Римде өткен Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері. Оның есімі Олимпиадада жүлде жеңіп алған алғашқы қазақстандық атлет ретінде ел тарихында таңбаланды. Алматыда оның құрметіне арналған халықаралық жарыс жыл сайын тұрақты түрде ұйымдастырылады.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Евгения ерледі

Оңтүстік Кореяда өткен Азия кубогының сайысында қарағандылық спортшы Евгения Вадутова жүлделі екінші орынды еншіледі. Шаңғыроллер жарысы 4-8 тамыз аралығында Пхёнчхан қаласында өтті.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл додада Корея, Филиппин, Тайпей, Моңғолия, Қытай және Қазақстаннан 74 спортшы бәсекелесті. Қазақстан құрамасының сапында Қарағанды облысынан жеті спортшы бақ сынап, оның екеуі үздік нәтиже көрсетті.

Евгения Вадутова классикалық әдіспен өткен 1 шақырымдық спринтте күміс медаль жеңіп алды. Оған Азия кубогының спринтерлік есептегі лидерлік жейдесі табысталды.

– Бұл жейде – ерекше мәртебені білдіретін спорттық жейде. Жарыс кезінде барлық спортшы өз нөмірлері жазылған киіммен шықса, ал, топ көшбасшыларына арнайы «Лидер» деген жазуы бар жейде беріледі. Онда нөмір болмайды, – деп түсіндірді Қысқы спорт түрлері бойынша Олимпиадалық даярлау орталығының аға жаттықтырушысы Максим Щербаков.

Жарыста тағы бір қарағандылық спортшы Диляра Байсекеева да жоғары нәтиже көрсетті. Ол спринтерлік қашықтықта мәре сызығын алтыншы болып кесті.

– Әр кезең сайын жарыстың әлеуеті де артып келеді. Қатысушы елдер жарысқа толық құрамда келуге тырысып жатыр. Бұл жолы көптеген елдердің негізгі құрамы қатысты. Ал, біздің жасақ – толық құрамда болған жоқ. Негізгі құрам алдағы Олимпиадаға дайындалып жатыр, – деді Максим Щербаков.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Азия кубогының келесі, үшінші кезеңі 4-7 қыркүйек аралығында Қазақстанның Щучинск қаласында өтеді.

● ТУРНИР

«Барыс» командасы басым түсті

Шет ауданына қарасты Өспен ауылының Мәдениет үйінде жасөспірімдер арасындағы «Kairat Cup League» футбол лигасы 2025 жылғы маусымының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Биылғы турнирде жүлде 5 команда арасында сарапқа салынып, 15 ойын өткізілді. Нәтижесінде «Барыс» командасы басым түсті.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Турнирдің «Kairat Cup League» аталып, оның өткізілуіне ауылдың атқамінер азаматы, жанашыр Қайрат Рашидұлы Көпбаев себеп болған. Ол ауыл жастарына бұған дейін шағын футбол алаңын және «Жастар» саябағын салып берген көрінеді. Екі жыл бойы аталған жарыстың өткізілуіне демеуші болып, жастардың кез келген бастамасына қолдау білдіретін де осы азамат екен. Осындай жанашыр жанның құрметіне ұйымдастыру алқасы турнирді «Kairat Cup League» деп атауды жөн көрген.

Шілде-тамыз аралығында болған биылғы турнирде кубокты 5 команда сарапқа салып, нәтижесінде «Барыс» командасы жеңіске жетті.

Тағы бір айта кетерлігі, ауыл азаматтары биылғы турнирдің өтуіне өз үлесін қосқан «Аюлы company» ЖШС басшысы Батырлан Сәкенұлының есімін де атауды жөн санайды.

Жабылу салтанатына Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары міндетін атқарушы Дәурен Есімханов қатысып, жас спортшыларға жылы лебізін білдірді.

Сондай-ақ, турнирде мына номинациялар бойынша жеңімпаздар анықталды. «Үздік шабуылшы» номинациясы Алижан Дүйсенбіге, «Үздік қақпашы» Ислам Сағынышқа берілді. Алижан Дүйсенбі «Үздік ойыншы» атанды. Ал, «Үздік қорғаушы» номинациясы Заңғар Мұратқа бұйырса, «Үздік жаттықтырушы» Тайыр Мейрамұлына берілді. Бауыржан Қайрат болса, «Жаңа есім» номинациясымен марапатталды.

Дәстүрге айналып келе жатқан жарыс ауыл балаларының жазғы демалысын тиімді өткізуге зор септігін тигізуде.

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактордың м.а.
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ІЛИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 3 478

№85 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**